

Әділетті Қазақстан

Ынтымағы бекем
жұрттың болашағы
баянды болады. Біз бәріміз
бір ел болып, татулық пен
тұрақтылықты сақтау
үшін еңбек етеміз.
Ел бірлігін нығайту
және Отанымызды
өркендету – қасиетті
парыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

3

МӘДЕНИЕТ



МЕГАПОЛИСТЕГІ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

13

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



МАМЫР – ОН ЕКІ АЙДЫҢ ЕҢ СҰЛУЫ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

4.05.2023

Түнде:



0, +2 топырақ бетінде 1-3 градус үсік °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

5.05.2023

Түнде:



1-3 градус үсік °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №56 (6349) 4 мамыр, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

АҚОРДА

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫН ДАМУЫ мәселелері талқыланды



Мемлекет басшысы Халықаралық футбол федерациясының президенті Джанни Инфантиноны қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаев Джанни Инфантиноны ФИФА президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтап, бүкіл әлемде, сондай-ақ елімізде футболдың дамуына қосқан өлшеусіз үлесі үшін алғыс айтты. Кездесу барысында Қазақстан футболының әлеуетін арттыру, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту мәселелері талқыланды.

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ» бағдарламасына құжат қабылдау басталады



Алматы қаласының әкімдігі 15–31 мамыр аралығында Алматының 35 жасқа дейінгі және осы жасқа толғандардан «Алматы жастары» қалалық бағдарламасы бойынша тұрғын үй сатып алу үшін жеңілдетілген тұрғын үй займдарын алуға өтініштер мен құжаттарды қабылдаудың басталғаны туралы хабарлады.

2

ҚЫСҚА...

- Президент Қазақстан–Франция үкіметаралық комиссиясының төң тарағасы Оливье Бештті қабылдады.
- Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын қабылдады.
- Қазақстанға мемлекеттік сапармен Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон келді.
- Ертең Бүкілармиялық кеңес өтеді.
- Үкіметте тұрғын үйлерді басқару тетіктерін жетілдіру мәселелері талқыланды.
- «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығына өтінім қабылдау басталды.
- Қазақстанда шетелдік көліктерді заңдастыру мерзімін ұзарту ұсынылды.
- Елімізде ұлттық тауар өткізу жүйесінің ақпараттық жүйесі жасалады.
- Биыл 6114 этникалық қазақ тарихи отанына оралып, қандас мәртебесін алды.
- Қазақстанда шетелдік инвесторлар екі жаңа зауыт ашады.
- Азаматтардың медициналық қызметті алу фактісін растау тетігі енгізіледі.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Францияның Сыртқы сауда, экономикалық ынтымақтық және шетелдегі француз азаматтарының істері жөніндегі министр-делегаты, Қазақстан–Франция үкіметаралық комиссиясының тең төрағасы Оливье Бештти қабылдады.

Президент жоғары лауазымды дипломатқа ілтипат білдіре отырып, қазақ-француз қарым-қатынастарының деңгейін жоғары бағалады және оның елімізге алғашқы ресми сапары барлық саладағы стратегиялық серіктестікке тың серпін беретініне сенімді екенін айтты. Өз кезегінде Оливье Бешт Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастықтың қарқынды дамуына көңілі толатынын жеткізді. «Былтыр қараша айында Парижде жасаған ресми сапарыңыз өте сәтті болды және екіжақты қарым-қатынастарға нақты саяси серпін берді. Президентіміз Сізбен арадағы жақсы қарым-қатынасты одан әрі нығайтуды маңызды деп санайды. Бұл бізге аса маңызды халықаралық мәселелер бойынша жан-жақты пікір алмасуға мүмкіндік береді. Сондықтан Президентіміз серіктестігімізді дамытуға барынша күш салуымды сұрады. Қазақстан – сенімді серіктес, достас мемлекет әрі Орталық Азиядағы бізбен стратегиялық байланыс орнатқан жалғыз ел», – деді министр-делегат. Кездесу барысында халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды.

■ СЕНАТ

Маулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата Бюросының отырысында депутаттар 4 және 11 мамыр күндері өтетін Сенат отырыстарының күн тәртібін бекітті.

Бүгін сенаторлар «Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндетті орындауды қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. 11 мамыр күні болатын Сенат отырысында депутаттар «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарамақ. Заң авторлық құқықтың бұзылуына қарсы іс-қимылдың құқықтық тетіктерін қалыптастырады, сондай-ақ ТМД елдерінің өзара сауда-экономикалық және мәдени байланыстарын кеңейтуге ықпал етеді.

■ МӘЖІЛІС

Ерлан Қошанов Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Елшісі Кэтрин Джейн Личті қабылдады.

Кездесуде екі ел арасындағы парламентаралық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Британдық дипломат елде жүргізіліп жатқан реформаларды жоғары бағалап, жаңа өкілеттіктері бар шынайы «Ықпалды парламент» құруға сәттілік тіледі.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қалалық және ауылдық елдімекендердің тұрғындарын ауызсумен 100% қамту шаралары қаралды. Еліміздегі су ресурстарының тапшылығы мәселесін шешу маңызды бағыттардың бірі болып отыр.

Биыл сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуға және реконструкциялау республикалық бюджеттен 280 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражатқа 402 жобаны, оның ішінде қалаларда 167 млрд теңгеге 135 жобаны, ауылдарда – 113 млрд теңгеге 267 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Жыл қорытындысы бойынша сумен жабдықтаудың қолжетімділік деңгейі: қалаларда – 98,8%-ға, ауылдарда – 96,3%-ға жетуі тиіс. Жалпы, 2025 жылға дейін қалған 25 қала мен 1395 ауылдың тұрғындары тиісті қызметтермен қамтылады. Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова атап өткендей, қазіргі уақытта республикада ұзындығы 15,5 мың шақырым 80 тонтық су құбыры бар. Олар 1,4 млн адамды қамти отырып, 655 ауылдық елдімекенді ауызсумен қамтамасыз етеді.

■ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

Үкімет отырысында Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2022–2024 жылдарға арналған жоспарын іске асыру барысы қаралды.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев 2022 жылдың қорытындысы бойынша қабылданған шаралардың арқасында азық-түлік өндірісінің көлемі 3,9%-ға артып, 2,9 трлн теңгеге жеткенін баяндады. Атап айтқанда, өсімдік майы, ұн, макарон, жарма, шұжық және қант өндірісі артқан.

2023 жылдың соңына дейін 111 мың тонна өнімді сақтауға мүмкіндік беретін 29 жобаны іске асыру жоспарланған. Жиында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру жөніндегі мәселеге айрықша маңыз берілді. Әлемдегі геосаяси жағдайдың шиеленісуі және өнімдер мен шикізатты жеткізудің жаһандық тізбектерінің бұзылуы салдарынан азық-түлік қауіпсіздігі ең өзекті мәселеге айналып отыр. Өткен жылы Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2022–2024 жылдарға арналған жоспары қабылданды. Делдалдық схемалардың жолын кесу, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізу және нарықтық реттеу шаралары белсенді түрде іске асырылуда.

■ КОМИССИЯ

Астанада Қазақстан–Франция экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының XV отырысы өтті.

Шараға ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев пен Францияның Сыртқы сауда, экономикалық тартымдылық және шетелдегі француз азаматтарының істері жөніндегі министр-делегаты, Қазақстан–Франция үкіметаралық комиссиясының тең төрағасы Оливье Бештти қатысты. Франция – Қазақстанның Еуропадағы негізгі сауда-экономикалық әрі стратегиялық серіктестерінің бірі, сондай-ақ елімізге инвестиция салған 5 ірі инвестордың қатарына кіреді. 15-ші мәрте ұйымдастырылған үкіметаралық отырыста тараптар қазіргі экономикалық ахуалды, оның ішінде ауыл шаруашылығы, цифрландыру, денсаулық сақтау, энергетика, өнеркәсіп және көлік саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Аталған отырыстың қорытындысы бойынша 6 құжатқа қол қойылды.

■ ИНВЕСТИРЛАР

Шетелдік екі бірдей компания Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласындағы жобаларды іске асыра бастады.

Қытайлық Wanlin Group Limited компаниясы пияз өндірісі бойынша көш бастап тұрған Жамбыл облысында дегадрацияланған көкөніс шығаратын зауыт салуға ниетті. Компания президенті Ли Янтаоның айтуынша, жобаны 5 жыл ішінде үш кезеңде жүзеге асыру жоспарланып отыр, ал инвестициялардың жалпы көлемі 30 млн долларды құрайды. Инвестор Жамбыл облысының үш ауданында пиязды отырғызды, қазір пилоттық жоба аясында түсімді сынау нәтижелері күтіліп отыр. Ал Қостанай облысында мамыр айының ортасында түріктің Albel компаниясының бұршақ дақылдарын қайта өңдейтін жаңа зауыты ашылмақ. Компания төрағасы Хусейн Аслан кәсіпорында 70-ке жуық адам жұмысқа орналасатынын атап өтті. Өндірістің күтілетін жылдық қуаты шамамен 170 мың тонна бұршақ, қызыл және жасыл жасымық, ноқат және қатты сұрыпты бидайды құрайды. Бірінші кезеңдегі инвестиция көлемі – 8,5 млн доллар. Қазіргі уақытта технологиялық жабдықты монтаждау, сондай-ақ тиісті рұқсат құжаттарын алу жүргізіліп жатыр.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ АҚОРДА

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫН ДАМУ

мәселелері талқыланды

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы ФИФА-мен арадағы ынтымақтастықты кеңейту перспективасына жоғары баға берді.

– Сіздің сапарыңыз Қазақстан футболын дамыту тұрғысынан өте маңызды деп санаймын. Әлемде ең танымал спорт саналатын футболды дамытуда ауқымды іс атқарып жатқаныңызды білемін. Сіздің еңбегіңізді құрметтейміз және ФИФА президенті ретінде қолдаймыз. Біз ФИФА-мен және жеке өзіңізбен ынтымақтастықты нығайта түсуге дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстанда 1 миллионнан астам адам футболмен жүйелі түрде шұғылданады. Бүгінде еліміздің барлық аймағында 17 футбол орталығы және 2 академия жұмыс істейді. Онда 7 мыңнан астам бала жаттығады.



БОРТ 1 телеграм арнасы хабарлағандай, ФИФА президенті Джанни Инфантино Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа өзінің арнайы әкелген сыйлығы – әлемдік футбол жұлдыздары Пеле, Марадона, Зидан және басқа да аты аңызға айналған спортшылар ойнайтын № 10-шы нөмір жазылған жейде мен ФИФА-ның ресми добын сыйға тартты.



Джанни ИНФАНТИНО, ФИФА президенті:

«ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕГІ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ЕЛГЕ АЙНАЛДЫ»

Джанни Инфантино ФИФА-ның үздік халықаралық тәжірибесін бөлісуге және Қазақстандағы футболдың дамуына атсалысуға дайын екенін айтты.

– Еліңізге бірнеше рет келгенмін, бірақ ФИФА президенті ретінде алғаш рет келіп тұрмын. Осы себепке орай сізбен кездесіп отырғаныма қуаныштымын. Бұл тамаша елдегі әрбір футбол жанкүйері сияқты Сіз де футболды ұнататыныңызды білемін. Біз бірлесе отырып, көптеген ауқымды істерді атқара аламыз. Қазақстан тек аймақта ғана емес, әлемдік деңгейдегі өте маңызды елге айналды. Қазақстан – ФИФА үшін сенімді серіктес. Біз бірге жұмыс істеуіміз қажет. Себебі, осы елдегі, сондай-ақ басқа елдердегі қоғамды футбол арқылы біріктіру үшін мүмкіндік мол, – деді Джанни Инфантино.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТҰРАҚТЫ ЖЫЛУ МЕН ЭНЕРГИЯ

Алматыны экологияландыру үшін аса маңызды басымдық



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповпен кездесті

Кездесу барысында тараптар мегаполистің энергетикасын дамыту перспективаларын, оның ішінде ЖЭО-2 газға ауыстыру, жылу магистральдарын, электр желілерін жаңғырту мәселелерін, Алматы агломерациясының тұрғын алаптарын одан әрі газдандыру, қоғамдық көлікке арналған газ құю станцияларын салу, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру және тағы басқа да мәселелерді талқылады.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев қаланы тұрақты жылу және энергиямен қамтамасыз ету, залалды заттар шығарындылары көлемінің айтарлықтай төмендету Алматыны экологияландыру мен декарбонизациялау үшін аса маңызды басымдықтар болып табылатынын атап өтті.

Бүгінде мегаполистегі ауаның ластануының негізгі себептерінің бірі ЖЭО-2 болып табылады. Мамандардың бағалауы бойынша оған залалды шығарындылардың 30%-на дейін тиесілі.

Қала әкімі ЖЭО-2 газға ауыстыруды белгіленген мерзімде жүргізу қажеттігіне маңыз берді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бірінші кезеңді 2024 жылдың желтоқсанында аяқтау жоспарланған. «Самұрық-Қазына»

ҰӘҚ» АҚ басшылығы мерзімінде үлгеруге дайын екендігін растады. Жалпы, ЖЭО-2-ні газға ауыстыру бірінші кезеңді іске қосу кезінде залалды шығарындылар санын – 35 мың тоннадан 23 мың тоннаға дейін, 2026 жылы толық іске асыру кезінде – 2,7 мың тоннаға дейін төмендетуге мүмкіндік бермек.

Кездесу барысында ЖЭО-2 – БҚК қосатын жылу магистралін қайта жаңартуға ерекше назар аударылды. Тараптар сондай-ақ, қаланы газдандыру жөніндегі алдағы жоспарларды талқылады. Алматы бойынша газдандыру 99,2%-ды құрайды, бұл ретте 1074 жеке тұрғын үй және бау-бақша серіктестіктерінің саяжай массивтерінде орналасқан 1677 үй газға қосылмаған күйінде қалып отыр. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ақпараты бойынша, ағымдағы жылы 355 жеке тұрғын үйді қосу үшін 23,2 км газбен жабдықтау желісін салу жоспарланған. Нәтижесінде Алматының газдандыру деңгейі 99,4%-ды құрайтын болады.

Кеңеске қатысушылар желілерді жаңғырту процесін жеделдету үшін инвестициялық бағдарламаны және инвестициялық саясатты кеңейту мәселелерін талқылады. Мысал ретінде «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ өкілдері бүгінде қаланың

электрмен жабдықтау желілерінің тозуы 93%-ды, трансформаторлық қосалқы станциялардың тозуы 65%-ды, ал тарату қосалқы станцияларының тозуы – 75%-ды құрайтынын айтты.

Тараптар «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ның «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру жөніндегі бірыңғай оператор ретіндегі маңызды рөлін атап өтті. Жоба аясында Алматыда 22 мектеп (37 мың оқушы орны, 14 мектеп «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қаражаты есебінен, 8 мектеп – жеке инвесторлардың қаражаты есебінен) салу жоспарлануда. Бұл Алматының мемлекеттік мектептеріндегі орын тапшылығын едәуір төмендетуге мүмкіндік бермек. Қазіргі уақытта Алматы әкімдігі жер учаскелері бойынша мәселелерді шешті, бюджетте инженерлік желілерге қаражат көзделген, құжаттарды бірлесіп дайындау жүріп жатыр.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ мен Алматы әкімдігінің бірлескен жобаларын іске асыру жөніндегі қадамдарды одан әрі пысықтау туралы уағдаласты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Алматы қаласының әкімі Төтенше жағдайлар департаментінің жұмысымен танысып, жауапты сала мамандарына бірқатар тапсырмалар берді

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында азаматтық қорғаныс нысандарына барып, өрт сөндіру депосының құрылысымен танысты. Ол сондай-ақ, құтқарушылардың түрлі төтенше жағдайларға дайындық деңгейін бағалады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ҮШ ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОСЫ САЛЫНАДЫ

Қазіргі уақытта мегаполистің өртке қарсы қауіпсіздігін 19 өрт сөндіру бөлімшесі қамтамасыз етеді. Нормаларға сәйкес, бір өрт сөндіру депосына қызмет көрсету радиусы 3 шақырымнан аспауы тиіс. Қаланың өсуін, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымының дамуын, көлік жүктемесін және халық санының ұлғаюын ескерсек, Алматыға бүгінде 15 өрт сөндіру депосы жетіспейді. Өрт сөндіру бөлімшелерінің тапшылығы құтқарушылардың төтенше жағдай орнына келу уақытына тікелей әсер етеді.

Жұмыс сапары барысында қала басшысына Бостандық ауданы «Нұр-Алатау» шағынауданында салынып жатқан өрт сөндіру депосы таныстырылды. Депо бес шағынауданның («Қазақфильм», «Алатау», «Нұр-Алатау», «Ерменсай», «Көкшөк» – жалпы саны 32 мыңнан астам адам, 94 кәсіпорын) тұрғындарын өрттен қорғаумен қамтамасыз етеді және өрт орнына келу уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Қала басшысы инженерлік желілерді жүргізу мәселелерін жедел шешіп, ағымдағы жылдың желтоқсан айында нысанды пайдалануға беруді тапсырды. Алдағы жылдары Түркісіб, Бостандық, Наурызбай аудандарында тағы үш өрт сөндіру депосын салу жоспарлануда.

ҚОСЫМША 10 КӨЛІКПЕН ТОЛЫҒАДЫ

Төтенше жағдайлар департаменті ғимаратының аумағында Ерболат Досаевқа өртке қарсы және авариялық-құтқару тех-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

никасы ұсынылды. Бүгінде Алматы өрт сөндірушілерінің қарамағында өрт сөндіру автоцистерналары, өрт сөндіру-құтқару автомобильдері, мотоциклдерден тұратын 183 көлік бар.

Қала басшысы материалдық-техникалық жарактандыруды жақсарту және құтқарушылардың ұтқырлығын арттыру мақсатында қосымша 10 автокөлік сатып алуға қаражат бөлуді тапсырды. Ерболат Досаев биік ғимараттардың жоғарғы қабаттарында құтқару операцияларын жүргізу үшін телескопиялық көтергіштері бар үш машинаны сатып алу рәсімін жеделдетуді міндеттеді. Қазіргі уақытта Алматыда осындай небәрі үш автомобиль ғана бар.

Алматы қаласының әкімі сондай-ақ, ҚР ТЖМ «Апаттар медицинасы орталығы» мамандардың материалдық-техникалық жабдықталуымен танысты. Арнайы қызметке өз ғимараты қажет. Ерболат Досаев қолайлы учаскені таңдағаннан кейін қажетті объектінің құрылысына қаражат бөлуге дайын екендігін білдірді. Материалдық жарактандыруды жақсарту барысында шаһар басшысы медициналық қалдықтар-

ды тазарту үшін қосымша 5 пневматикалық жабдық сатып алуды тапсырды.

Одан кейін қала басшысына Алматы қаласы ТЖД кризистік жағдайлардағы басқару залының жұмысы көрсетілді. Оның базасында бірқатар цифрлық жобалар, соның ішінде моренді көлдердің серпінділігін бағалауға және сел құбылыстарынан туындаған ТЖ қауіпінің деңгейін төмендетуге мүмкіндік беретін сел қауіптілігінің автоматтандырылған мониторингі жүйесі енгізілген.

Сонымен қатар, Алматы қаласының әкімі жер сілкінісі туралы ерте хабарлаудың автоматтандырылған жүйесін іске асыру жобасымен танысты. Жоба 28 сейс-

Нысандарды аралау қорытындысы бойынша Ерболат Досаев аудан әкімдігі мемлекеттік активтер басқармасымен бірлесіп бір ай мерзімде қорғаныс құрылыстарын коммуналдық меншікке қайтару жөнінде ұсыныстар енгізуді тапсырды. Сондай-ақ, қала басшысы ықтимал ТЖ жағдайында халықты тіркеу және қабылдау бойынша бірыңғай стандарттарды әзірлеуді және барлық коммуналдық қызметтердің дайындығын тексеру үшін ағымдағы жылдың кезінде толық көлемді оқу-жаттығулар өткізуді міндеттеді.

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Әлеуметтік желі арқылы көпшілікке танылған блогерлер желідегі әрекеті үшін жауап беруге міндетті. Мәжіліс депутаты «БАҚ туралы» заңды қатаңдату ұсынды.

БЛОГЕРЛЕР МӘРТЕБЕСІ заң аясында айқындалуы тиіс



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Жауапкершілікті түсіне алмайтын блогерлердің саны уақыт өткен сайын артып барады». Мәжілістің жалпы отырысы барысында депутат Анас Баққожаев осындай пікір білдірді. Ол өзінің өтінішімен Бас прокуратураға жүгініп, «БАҚ туралы» заң аясында блогерлердің жауапкершілігін қарауды талап етті. Халық қалаулысы Қазақстанда өзін блогер санайтындардың әлеуметтік желілерде жалған ақпарат таратып, тіпті бопсалауға дейін баратынын айтты.

«Көбісі халық арасында танымал болып, халыққа көмектесіп жатқандай кейін танытады, ал өздері әлеуметтік желілерде «хайп» жасайды. Қаржы пирамдаларының қайта жандануына дәл осы блогерлер себеп болғанын бәріміз жақсы білеміз. Олардың

кесірінен біраз адам алаяқтардың құрбаны болды, кейбіреулері өз-өзіне қол жұмсап, денсаулығынан айырылды», – деді А.Баққожаев.

Депутат сондай-ақ, блогерлердің мұндай әрекеті қазақстандық жастарға кері әсерін тигізетінін атап өтті. Өйткені, еліктегі жастар олардан үлгі алып, блогерлер көрсететін «жеңіл, әдемі» өмірге ұмтылады. Сондықтан халық қалаулысы «БАҚ туралы» заңды пысықтауды, блогерлер жауапкершілігін күшейтуді ұсынды.

Сонымен қатар, Мәжіліс депутаты кез келген блогер ақпаратты желіде жарияламас бұрын журналистермен бірге алдымен мәліметті, деректерді толық тексеріп, содан кейін ғана таратуға міндетті екенін атап өтті.

Еске сала кеткен жөн, биыл ақпан айында елордалық блогер Махамбет Абжан жалған ақпарат таратып, бопсалады деген айыппен 9 жылға бас бостандығынан айырылды.

BUDGET.OPEN-ALMATY.KZ

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Алматыда үздік жобаларға дауыс беру басталды

2023 жылдың 2 мамырынан бастап «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында Алматы аудандарын абаттандыру және дамыту бойынша үздік ұсыныстарға дауыс беру басталды.



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Ағымдағы жылдың 14 мамырына дейін Алматыда тұрақты тіркеуі бар қала тұрғындары ұнайтын үш жоба үшін портал budget.open-almaty.kz арқылы өз дауыстарын бере алады. Дауыс беруге қатысу үшін тіркеу/авторизация талап етілмейді, жобаларды тандауды ЭЦҚ немесе SMS-код келіп түсетін телефон нөмірі арқылы растауға болады.

Айта кетейік, алматылықтардан ұсыныс қабылдау кезеңінде 897 түрлі өтінім түсті. Жобаға Әуезов ауданының тұрғындары (162), одан кейін Наурызбай (126) және Жетісу (120) аудандарының тұрғындары белсенділікпен қатысқан.



Өтінімді қарау барысында аудан әкімдіктері жанынан «Халық қатысатын бюджет» аясында құрылған сараптамалық кеңестермен дауыс беруге 373 өтінім жіберілді. Келіп түскен ұсыныстардың көпшілігі мына салаларға қатысты:

- балалар және спорт алаңдарын салуға/жөндеуге 163 (43,7%),
- жалпыға ортақ пайдаланылатын демалыс орындарын (беседкалар, орындықтар, урналар, балалар ойындарына арналған жабдықтар мен конструкциялар) салу/жөндеу 71 (19%);
- жалпы пайдалану орындарын жарықтандыру (саябақтар, скверлер, жаяу жүргіншілер аймақтары, көшелер және өзге де нысандар) 51 (13,7%).

Ең көп дауыс жинаған жобаларды (50-ден кем емес) аудан әкімдік-



тері 2023 жылы іске асыратын болады.

Еске салсақ, 2023 жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасын қаржыландыруға қосымша бөлінген сома 7 млрд теңгені құрайды. Бір жобалық ұсыныстың ең жоғары құны 86,2 млн теңгенен (25 мың АЕК) аспауға тиіс. Осы жобалардың жиынтық құны әрбір аудан үшін «Халық қатысатын бюджет» лимитінен (875 млн теңге) аспауы тиіс.

Дауыс беру қорытындылары budget.open-almaty.kz порталында жарияланады.

«Халық қатысатын бюджет» бойынша кеңесті Алматы қаласының аудандық әкімдіктерінен, сондай-ақ Алматы әкімдігінің Open Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесінен + 7 (727) 224-39-29 (ішкі. 203), 1308 алуға болады.



ӨЗЕКТІ!

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР

экологияға келетін зардапты азайтуға үлес қосады

Алматының аумағы қалаға кейіннен қосылған аймақтардың есебінен біршама ұлғайғаны белгілі. Бұл жеке автокөліктерден бөлек, қоғамдық көлік қызметін пайдаланушылар қатарының көбейгенін көрсетіп отырғаны анық.

Деректерге көз жүгіртсек, Алматыға ең алғаш газбен жүретін автобустар 2010 жылы желтоқсан айында әкелініпті. Сол тұста қалада «АлматыЭлектроТранс» (АЭТ) деп аталатын мекеме (оған дейін қоғамдық көліктердің барлығы жекеменшікте болған) құрылған. Бес жылдан кейін коммуналдық меншікте 600 «ютонг» автобустары, 195 троллейбус және 17 трамвай болыпты. Бұл сол кездегі Алматыдағы қоғамдық көліктің жартысы екен.

Құзырлы орындардың мәліметіне қарағанда, бүгінде Алматыда орташа есеппен экологиялық таза көлік жолаушылар тасымалының жартысынан астамын құрайды. Өткен жылы Президенттің төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаланың экологиялық жағдайын жақсарту мәселелеріне тоқталып, бірқатар деректер айтқан болатын. Әкімнің айтуынша, бүгінгі таңда қалада 2441 бірлікті құрайтын 8 қоғамдық көлік паркі бар. Қала билігі бұл саланы одан әрі дамыту үшін экологиялық тұрғыдан таза көлік түрлерін сатып алуды қолға алып келеді. Қалалық мобильділік басқармасы мамандарының деректеріне сүйенсек, көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында өткен жылы 550 автобус сатып алынған, биыл олардың қатарын толықтыру үшін 600 автобус пен 100 троллейбус сатып алу жоспарланып отыр. Конкурстық негізде 600 автобус алуға 60 млрд қарастырылған. Басқарма өкілдерінің айтуынша, бүгінде Алматыда жолаушылар тасымалымен айналысатын 24 компания тіркелген. Қала бойынша 893 газбен жүретін автобус, 15 электрлі автобус, 184 троллейбус бар. Олар барлық парктің 46%-ын құрайды. Бұдан бөлек шаһарда көлік жүйесін алмастыруға үлес қосып келе жатқан 172,6 шақырым аспалы жол бар. Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы мамандарының мәліметінше, қалада газбен қуаттайтын 154 станция бар. Қалаға кіреберістерде көліктен шығатын улы газдың құрамы мен түтінін тексеретін 19 бекет орналасқан. Сонымен қатар, мегаполисте баламалы көлік түрлерін жалға беретін 4 компания жұмыс істейді. Бүгінде қала көшелерінде 10500 самонат жүйткіп жүр.

Қауіпсіз көлік

Электробустар басты артықшылығы сол, олар біріншіден, экологияға еш қауіп төндірмейді. Өйткені, көлік токпен жүреді. Екіншіден, зиянды қалдықтарды аз бөледі, құлақ тұндыратын шуы да жоқ. Электр желісімен қуатталатындықтан шығын да көп емес. Мәселен, бір рет қуаттандырылған көлік шамамен 300–350 шақырым жол жүруге немесе 6 сағатқа жетеді екен. Бірақ «таяқтың екі ұшы бар» дегендей, электробустардың пайдасынан бөлек, зияны да бар екенін ескерген жөн. Өйткені, көліктер экологиялық жағынан тиімді болғанымен, жол ақысының өсуіне өз әсерін тигізуі мүмкін.

Бүгінде Алматыда бұл бағытта айтуға тұрарлық атқарылған жұмыс баршылық. Ең бірінші айтарымыз, шаһарда қалайшылық бағытта қатынайтын қоғамдық көліктердің біразы жаңарған. Қазір қала көшелерінде экологиялық талаптарға толық жауа бере алатын «Евро-5» стандартындағы жаңа автобустар жүйткіп жүр. Ішіне 70 жолаушы емін-еркін сиятын автобустарда жолақы электронды сипатта төленеді, бейнебақылау камерасы мен wi-fi желісіне қосылған. Тазалығы да жаман емес. Қыста – жылы, жазда – салқын дегендей, кондиционерлер орнатылған. Мүмкіндігі шектеулі топтағы жолаушылар үшін де жағдай қарастырылған, арнайы пандустар бар.

«ЕВРО-4»: шектеу стандартын енгізу керек

Көлік саласының мамандары ауаны одан әрі ластамас үшін бізге ең алдымен ескі автокөліктердің қатарын азайту қажет. Ол үшін сырттан келетін көліктердің қалаға кіруіне шектеу қою керек» дейді. Көлік саласының маманы, техника ғылымының докторы Жұмажан Жаңбыровтың айтуынша, сырттан келетін көліктердің көпшілігі техникалық стандарт-

Бауыржан СЕРБАЙ,
қала тұрғыны:

Экоавтобус өте ыңғайлы

Алматының экологиясы барлығымызды алаңдатады. Ауа ластанып жатқан кезде экологиялық таза көліктерді пайдалану заман талабы деп ойлаймын. Мен Алтын орданың арғы жазындағы «Асыл арман» деп аталатын шағынауданда тұрамын. Көп бола қойған жоқ, біз жаққа қазір №100 деген экоавтобус қатынайды. Қоғамдық көліктің іші жолаушыларға өте ыңғайлы. Жайлы. Алдағы уақытта осындай автобустардың саны арта түссе қуанар едік.

Алматыда экологиялық таза көлік жолаушылар тасымалының жартысынан астамын құрайды



Деректер Алматы қалалық мобильділік басқармасынан алынды.

Артық болмас білгенің...

Талап бойынша, көліктен шығатын көк түтін құрамындағы көмірқышқыл оксиді қалыпты болуы қажет. Түтіндегі зиянды қалдық көлемі арнайы құрылғыда көрсетіліп, пайызбен есептеледі. Мамандар егер көмірқышқылды екі жарымнан асқан болса, мысалы 96 жылғы көліктікі қалыпты, оған жүруге болады. Ал егер екіден асып, 3, 4 болып кетсе, ол экологияға зиян деген сөз.

тарға сай емес. «Еуропа елдерінде «экологиялық маркировка» деген бар. Егер көлігің «Евро-4» стандартына сәйкес келмесе, онда қалаға кіргізбейді. Мәселен, біздің жүк машиналарымызды Қытай, Ресей аталмыш стандартқа сай болмаса, қала емес, оның аумағына жолатпайды. Қазір экология мәселесі өте өзекті. Сондықтан Алматыға да экологиялық маркировка «Евро-4» шектеу стандартын енгізу керек. Оның барлығы компьютерлік бағдарламалар арқылы жүргізіледі. Бүгінде қала көшелерінде жүйткіген темір тұлпарлар күн санап артпаса, кеміген жоқ. Менің зерттеуімше, елімізде 4 миллион 300 мыңдай автокөлік бар. Солардың 50%-дан астамының пайдалану мерзімі 20 жылдан асып кеткен. Олардың көбі «Евро-4» емес, тіпті «Евро-2»-ге сай емес. Өкініштісі сол, мұндай көліктерді тізгіндеген азаматтар экологияға төнетін қауіпті ескере бермейді. Нәтижесінде «бір менің көлігімнен шығатын түтіннен не бола қояр дейсің?» деген немқұрайдылықтан экология зардап шегуде. Ал экология дегеніміз ол сіз бен біздің жұтатын ауамыз, ішетін суымыз бен бізді қоршаған орта. Егер қала шетінен көлік қоятын арнайы автотұрақтар салсақ, одан түскен ақшаны нақты қаланың экологиясы мен кептеліс мәселесін шешуге жұмсауға болады. Өз басым, сырттан келген көліктердің Алматыға кіруіне шектеуді құптаймын. Өйткені, бұл – әлем елдерінде бар тәжірибе» дейді маман.

Экология мәселесіне қатысты өткен жылы Алматы жұртшылығымен кездесу барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та арнайы тоқталған болатын. «Алматылықтарды ауа ластауының ең жоғары деңгейі қатты алаңдататынын білемін. Бұл проблема қалалықтар үшін ең басты разрядтардың біріне айналды әрі шұғыл шешімді талап етеді» дей келе, қоршаған ортаның азаматтардың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығына тікелей әсер ететінін ерекше атап өткен-ді. Сонда Президент деректерге сүйене отырып, жыл сайын атмосфераға ластаушы заттардың таралуы шамамен 125 мың тоннаны құрайтыны, ластаушылардың қатарында автокөліктер, қалалық ЖЭО, өнеркәсіп кәсіпорындары және газ тартылмаған жеке тұрғын үйлер де бар екені жайында қадап айтты.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

МАМАН ПІКІРІ:

Бекбол РАМАЗАН,
Л.Б.Гончаров атындағы
автомобиль-жол
институтының проректоры,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Ғылым
академиясының
бас сарапшысы,
Алматы қалалық
мәслихатының депутаты:



Көлік жүйесін дамыту – кезек күттірмейтін мәселе

Алматының экологиялық ахуалын қала жұртшылығының көкейіне инедей болып қалған үлкен бір мәселе деп қарауға болады. Қала билігі бұл бағытта бірқатар жұмыстар атқаруда. Мәселен, 21 сәуірде Алматы қаласы мәслихатының II сессиясы өтті. Сессия барысында мен қала жұртшылығының көкейіндегі өзекті мәселелердің бірі – көлік инфрақұрылымы және оны дамыту жолдары жайында сөз қозғадым. Себебі, Алматының көлік жүйесін дамыту басты міндеттердің бірі деп санаймын. Бүгінде қала тұрғындары жолға көп уақытын жұмсайтыны рас. Сондықтан бұл салаға түбегейлі өзгерістер қажет.

Қаланың 2040 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасы Мәслихат комиссиясында және «Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институтының платформасында талқыланды. Жоспарда қоғамдық көлікті дамытуға ерекше көңіл бөлінгенін атап өткім келеді. Қоғамдық көлікті жаңарту және экологиялық талаптарға сәйкестендіру бойынша бас жоспарда ұсынылған шешімдер біздің қала тұрғындарының жайлы қозғалысын қамтамасыз етуге оң әсерін тигізеді.

Бас жоспарда экология мәселесі ерекше назарға алынған. Онда электр көліктеріне арналған инфрақұрылым туралы көптеген өзгерістер бар. Мәселен, 2025 жылға дейін 1200 дизельді автобустарды газға ауыстыруды, электр қуатымен жүретін автобустарды көбейтуді, 2 жаңа газ автопаркі, 5 жаңа газ құю станциясын пайдалануға беруді, сондай-ақ, троллейбус парктарын жаңартуды қолға алмақ. Жүрдек жол саласы бойынша ЛРТ, БРТ жүйелерін іске қосу, метро желісін көбейту секілді жұмыстар қолға алынса, кептелістерді азайтары анық.

Бүгінде күн сайын мегаполис көшелерінде 700 мыңға жуық көлік жүреді, бір ғана Алматы облысының өзінен күніне 250 мыңға жуық автокөлік кіреді екен. Бұл жағдай қаланың онсыз да нашар экологиясына әсер етпей қоймайды. Сондықтан қоршаған ортаға зиян келтіретін көліктерді анықтау, жүргізушілерді тәртіпке шақыру бағытында экологиялық бекеттердің жұмысын күшейткен жөн.

Қалаға сырттан кіретін көліктерге тосқауыл қою тұрақтарын орнату арқылы, облыстық көліктердің қалаға кіруін қысқарту мәселесін шешу маңызды. Өйткені, Алматының ауасын ластап жатқан дәл осы көліктер екеніне шүбәм жоқ. Қарапайым ғана бір мысал. 2020 жылғы атышулы індет келген кезде қалада көлік қозғалысы шектеліп, жұртшылық бірен-саран ғана қоғамдық көліктің қызметін пайдаланғаны есімізде. Бұрындары халық ауаның ластануы ЖЭО-дан дейтін. Міне, дәл осы кезде ЖЭО жұмыс істеп, көліктер тоқтап тұрды. Ауа қалай тазарды?! Көпшілігіміз мұны әлеуметтік желілерде де бөлістік. Міне, сонда біз қаланың экологиясына автокөліктерден келетін зиянның қаншалықты екенін білдік. Жасыратыны жоқ, қалада экология мәселесіне қатысты түйткілді мәселелер көп. Осыған орай қаланың үш бағытында – Алтын орда, Құлжа тас жолы, Қонаев – Алматы трассасында автотұрақ тұрғызу көзделіп отыр. Бұл ұсыныс Бас жоспарға енгізілді. Бүгінде Үлкен Алматы айналма жолы жұмысының (БАКАД) 80-90%-ы аяқталып қалды. Қала аумағында осындай атқарылып жатқан жұмыстар көп. Десек те, жол қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді кешенді түрде шешуді қажет деп санаймын.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖАҢА ДӘУІР ЖАҢАЛЫҒЫ

Алматының экологиялық ахуалын жақсартуда электрокаттардың маңызы зор



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алып шаһардың экологиясы бүгін немесе кеше туындаған мәселе емес. Сондықтан бұл мәселені қоғам болып шешетін кез келді. Ол үшін не істеу керек? Алматының экологиясын жақсартуда қандай шараларды қолға алған жөн? Бұл мәселеге сала мамандарының пікірі қандай?

Жалпы, көлік саласының мамандары Алматының экологиялық жағдайын жақсарту үшін жолаушылар тасымалының төрттен үш бөлігін – табиғи газбен жүретін автобустар мен электрлі қозғалтқыштары бар көліктер, троллейбустар, метро, электр пойыздары, автомобильдер мен аспалы жолдар секілді басқа да экологиялық таза көліктерге көшіру керек деп есептейді. Өйткені, бұл көліктерден қоршаған ортаға келетін зиян жоқтың қасы.

Баршаға мәлім, бүгінде Алматының аумағы шеткі елдімекендердің қосылуы есебінен ұлғайды. Нақтырақ айтсақ, 1998 жылдан бастап мегаполиске 500 мыңнан астам тұрғыны бар 27 елдімекен қосылды. Әлбетте, тұрғын саны артқан сайын автокөліктердің де саны соғұрлым артатыны белгілі.

Алматы қаласы Полиция департаментінің мәліметінше, қазіргі таңда қалада (2023 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша) көліктің барлық түрлерін қоса есептегенде ресми тіркелген 594114 көлік бар. (Оның ішінде 513 219 жеңіл көлік, 39 050 жүк көлігі, 9485 автобус, 7730 мотоцикл, 1195 арнайы қызмет көлігі, тіркемесі бар 23 435, тіркемесі жоқ – 23 435 бар). Енді сіз осыған сырттан келетін 250 мыңға жуық көлікті қосыңыз. Сонда қала көшелерінде күн сайын шамамен 600–700 мыңға жуық көлік жүреді. Бұл жағдай алып шаһардағы жол-көлік қозғалысын қиындатып, кептелістің туындауына ғана себепші болып отырған жоқ, сонымен қатар, қоршаған орта мен ауаның ластауына алып келуде. Өздеріңізге белгілі, бүгінгі көліктердің басымы бөлігі бензинмен жүреді. Экологтардың айтуынша, бір тонна бензин жанған кезде ауаға 800 келі зиянды қоспа бөлініп шығаратын көрінеді. Ал көлік қозғалтқышы этиль бензинмен жүретін болса, одан ауаға қорғасын тарайды, топырақ бүлінеді, нәтижесінде адам денсаулығына орасан зор зиян келеді екен. Сондықтан да бұл кезек күттірмей шешімін табуы тиіс мәселе.

Келешек көлігі

Электромобильдер өндірісі бүкіл әлем бойынша автомобиль өнеркәсібінің ең болашағы зор бағыттарының бірі. Электрлі көлік нарығы көптеген шет мемлекеттерде бірнеше жыл бұрын дамып кеткен. Бірақ біздің еліміз көліктің бұл түрін пайдалануға енді ғана бет бұра бастағандай. Өйткені, бұл мәселе бүгінде қоғам арасында жиі айтылып, биік мінберлерде де жиі талқыланып жүр. Негізі, бізде аталмыш көліктер туралы насихат аз болды. Әсіресе, қазақтілді аудиторияда электромобильдер туралы ақпарат жоқтың қасы еді. Ол орыстілді және қазақтілді азаматтардың арасында экологиялық таза көліктерге деген екі түрлі ұстаным пайда болып, нәтижесінде бұл көзқарас аталмыш көліктердің танымалдығына кері әсерін тигізді. Токпен қозғалатын темір тұлпарлардың Қазақстан нарығына сұранысқа не болмауының келесі бір себебі, оның құнында еді. Мәселен, Tesla көлігінің бағасы – 30 млн теңге тұратыны айтылады. Бұл, әрине, біздің елдің азаматтары үшін қолжетімді баға емес екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан орташа табысы бар ағайынның өзі мұндай қымбат автокөлікті сатып алуға аса құлықты болмады. Осы себептер қарапайым тұрғындар арасында «электрлі көліктер қымбат» деген пікір қалыптасты.

Сарапшылар әлемде Tesla-дан басқа да токпен жүретін бағасы арзан брендтер көп екенін айтады. Мұндағы арзан деген көліктер сапасыз дегенді білдірмейді. Міне, осын-



Шетел тәжірибесі

Қытай елі нарыққа бірден арзан электромобильдерді шығарған екен. Нәтижесінде бағасы 3–4 миллион теңгенің айналасындағы көлік бүгінде көршілес ел көшелерінде қаптап жүр. Қуат беру стансаларының өзі 800 мыңға жуықтайды. Олар бұл жетістікті мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырған.

дай пайдалы мәліметтерден біздің отандастарымыздың біразы бейхабар. Сондықтан бізге дизельмен және бензинмен жүретін көліктерден біржолата бас тартып, жуық арада электромобильдерге көше саламыз деп айту қиын.

Баламалы транспорт үшін бар жағдай жасалады

Қазір алматылықтардың көбі темір тұлпарларын жеңіл транспорт түрлеріне ауыстырып жатыр. Оған қала көшелерінде самокат мінген тұрғындардың көбеюі дәлел. Еуропада баламалы көліктер үйреншікті транспорт түріне әлдеқашан айналып үлгерген. Тіпті, бұған мемлекеттік және аймақтық дәрежедегі заңдар да қарастырылған. Мәселен, Францияда самокаттардың жүру жылдамдығы сағатына 25 шақырымға дейін шектелді. Ал Литвада темір тұлпардан бас тартып, экологиялық таза велосипед, скутер немесе самокатқа ауысқандарға арнайы субсидия бөлінеді екен. Ал бізде алғашқы кездері самокаттардың болашағы бар дегенге ешкім сенбеді. Өйткені, бұл көлік басында көпшілік үшін аса танымал болмады. Сол себепті, ешкім қызығушылық танытпады. Бірақ қазір дәл осы самокаттар өміріміздің бір бөлігіне айналып үлгерді. Бір қиыны, самокаттар көбейген сайын, жол апаты, жол ережелерін бұзу секілді күтпеген қиындықтарға тап болып жатырмыз. Бір қуанарлығы, Алматы қалалық мобильділік басқармасы

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ТИІМДІ КӨЛІК

Электромобиль дегеніміз – аккумулятор батареяларынан күш алатын, электроқозғалғыш арқылы қозғалатын көлік құралы. Бұл көліктің біз мініп жүрген көліктерге қарағанда артықшылықтары көп. Ең бастысы, олар қоршаған ортаны ластамайды. Токпен жүреді, сондықтан мұнай нарығына тәуелді емес. Қозғалыс кезінде дыбысы шықпайды. Салық төлеуде жеңілдіктер қарастырылған. Қарапайым көліктерден тағы бір ерекшелігі – бөлшектері аз. Қозғалтқыш, батарея, көліктің қаңқасынан тұрады. Сондықтан бұл көліктерді сапасыз етіп жасау қиын. Себебі, қозғалтқышы стандартты, батареялары бірдей. Тағы бір ескеретін жайт, электр көліктер бағасына батареяның көлемі ғана әсер етеді. Мәселен, Tesla 300–400 шақырым жүруге қауқарлы. Ал мамандар қала тұрғындарының күніне 100 шақырымнан артық жол жүрмейтінін зерттеген. Осы жағынан қарағанда қалалықтар үшін белгілі бір қашықтыққа жүруге жарайтын арзандау электр көлігі біз мініп жүрген көліктерден әлдеқайда тиімді.

● МАМАН ПІКІРІ

Жұмажан ЖАҢБЫРОВ,
көлік саласының профессоры:

Қай елден көлік әкелінсе, сол елмен бірігіп мамандар дайындау керек

Экологиялық таза көлік саналатын электромобильдерге ауысу үшін жаңа өнім халыққа барлық жағынан тиімді болуы тиіс. Келешектің көлігін тұтыну, ол әрине, дұрыс. Бірақ мынадай мәселе бар. Электромобильдердің аккумуляторлары 8–9 жылдан кейін утилизациялануы тиіс. Ал оны қалай жасайды? Оған арнайы орындар, қондырғылар мен технология керек. Бұл – бір. Екінші, мен мысалы Қытайдан келіп жатқан «Wolksvagen» электромобильдерінің конструкциясын қарап, танысып шықтым. Ал енді осы көліктерді жөндейтін бізде сервис орталықтар бар ма? Мамандар қайда? Жакында осы көліктерді бізге әкеліп жатқан өкілдермен сөйлестім. Олар біздің қазақтарды үйреткісі келмейді, тек қана қытайдың мамандары болуы керек дейді. Соған қарағанда, мұның артында үлкен проблема бар.

Тағы бір мәселе, біз темір тұлпарларды қай елден алсақ та барлығына тандау жасауға тиіспіз. Себебі, электромобильдер қай жактың өндірісінен шыкса, соған сәйкес сол елмен бірігіп мамандар дайындауымыз керек. Оның ерекшеліктері көп. Тіпті, көлік жүргізушілерді дайындағанда, психологиялық факторлар болады. Қарапайым ғана бір мысал келтірейін. Жакында көлігімді бір көрсетейін деп арнайы көлік жөндейтіндерге бардым. Барсам, көліктің артқы жағын соғып алған, жап-жаңа «Wolksvagen» тұр екен. Не болғанын сұрасам, салоннан шыққан бойда сатып алушы артқа қарай жүрмек болып, газға басып қалған. Өзіңіз білесіз, біздегі көліктерді оталдырғанда гүрілдеп дауысы шығып тұрады. Ал мына көлікте ондай дыбыс жоқ. Содан қозғалтқышты қосқанда, артқы қабырғаға барып соғылған. Көрдіңіз бе, мұндай келеңсіздіктерге ұрынбас үшін бізге электромобиль жүргізетіндерді, механиктерді оқытатын арнайы курстар ашуға тура келеді. Егер осыларға дайын болсақ, әрине, ерте ме, кеш пе біз осыған келеміз. Бірақ бұл көліктер ауылдық жердегі ағайындар үшін тиімсіз деп ойлаймын. Өйткені, қаланың өзінде бұл көліктерге арналған сервис орталықтар жоқтың қасы. Ал ашып жатсақ, үлкен жетістік болмақ.

Қазір байқасаңыз, Алматыда Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жүк көліктерінен бастап, ескісі бар, жаңасы бар көліктер толып жүр. Менің ойымша, көшелерге тәртіп орнату үшін ең бірінші әкімшілік мүмкіндікті толық пайдалану керек. Содан кейін барып қалғандарын реттеуге болады. Мәселен, қалада қазір мопедтерге жүруге рұқсат берілді. Бірақ олар жылт етіп ана жерден, мына жерден шыға келгенде көлік жүргізудің өзі қауіпті болып бара жатқанын мойындайсың. Ендеше, қала көшелеріндегі тәртіпті жөндемей, «аспандағы айға» қол созудың қажеті шамалы. Ал бұл мәселені жергілікті әкімдіктің, қоғамдық кеңес мүшелерінің, мәслихат депутаттарының қолдауымен заңды тұрғыда шешуге әбден болады.

өкілдері алдағы 10 жылда баламалы транспорт үшін бар жағдай жасалатынын айтып отыр.

Демек, Алматының экологиясына көліктердің қосар үлесі зор. Ең бастысы, қай салаға болмасын өзгеріс енгізу үшін ең алдымен қоғамның көзқарасын, бизнестің мүдделерін және мемлекеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, жаңа әрі тиімді бағдарлар кезең-кезеңімен жүзеге асырылғаны жөн.

● ТҮЙІН:

Сонымен, Алматы жаңа дәуір жаңалығы саналатын экологиялық таза көліктер – электромобильдер көшіне ілесе ала ма? Қазірше, «жоқ» деп айтуға тура келеді. Өйткені, көліктің құнын табысы аз қарапайым халықтың қалтасы көтермейді. Экономикаға да, экологияға да пайдасы зор көлікті бүгінде еліміздің бай-бағландары ғана мініп жүр. Егер олардың саны артсын десек, бізге ең алдымен тиісті инфрақұрылымды құру керек. Ал сарапшылар электромобильдердің қолжетімділігі мемлекет қолдау көрсеткен кезде ғана артатынын айтып отыр. Әзірге Алматының ауасын тазартуға қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да, электробус, экобус, метро, т.с.с. қоғамдық көліктер үлес қосып жүр. Егер Алматы билігі қалаға кіретін көліктерді шектеп, экологиялық көліктер санын арттырса, бұл мәселе жакын болашақта шешімін табары сөзсіз. Ал оның жүзеге асуына қазірше уақыт қана төреші.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ

қазақстандықтардың нақты мәселелерін шешуге бағытталған



Мемлекет басшысы 2022 жылы денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау салаларындағы мәселелерді шешу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорын құруды тапсырған болатын. Нәтижесінде мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған және Қазақстан халқына көмек көрсетудің тиімді құралына айналған Қор тұжырымдамасы жарық көрді.

Тұжырымдама аясында Қор қызметінің негізгі бағыттары мен Қорға түсетін қаражат есебінен басым қолдау көрсетілетін халықтың негізгі санаттары анықталды. Сондай санаттардың бірі – елімізде төтенше жағдайлар жарияланғанда және төтенше жағдай режимін енгізу кезінде зардап шеккен халқына көмек көрсету. Қордың интернет-ресурсында қаңтар оқиғаларында зардап шеккендерге көмек көрсету бағытындағы қайырымдылық көмек алушылардың мақсаттық тобының тізімі жарияланды.

ОЛАР:

- 1) қаза тапқан әскери қызметшілердің, Ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерінің отбасылары;
- 2) ауыр жарақаттар алған әскери қызметшілер, Ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері;
- 3) қаңтар оқиғаларының кездейсоқ құрбандары болған қаза тапқан азаматтық тұлғалардың отбасылары;
- 4) қаңтар оқиғалары кезінде жарақаттар алған балалардың отбасылары;
- 5) қаңтар оқиғалары кезінде оқтан болған жарақат алған ауыр жараланған кәмелетке толған азаматтар.
- 6) қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің, Ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қаза тапқан азаматтарының отбасыларындағы кәмелетке толмаған балалар.

Бағдарлама бюджеті

Бағдарлама бюджетінде қаза тапқан әскери қызметшілердің, Ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің отбасыларына – 7 млн теңгеден қаржы төлеу қарастырылған. Ауыр жарақаттар алған әскери қызметшілерге, Ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне – 3 млн теңгеден бөлінеді. Қаңтар оқиғаларының кездейсоқ құрбандары болған қаза тапқан азаматтық тұлғалардың отбасыларына – 7 млн теңгеден, ал дүрбелеңде жарақаттар алған балалардың отбасыларына – 3 млн теңгеден, оқтан жарақат алған ауыр жараланған кәмелетке толған азаматтарға – 3 млн теңгеден төленеді.

Қайғылы қаңтар оқиғаларында зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсету мерзімімен және кезеңімен шектелмеген. Қор Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының тиісті растайтын ақпаратты ұсыну фактісі бойынша қайырымдылық көмек көрсетеді.

ЖОБАНЫҢ АҒЫМДАҒЫ МӘРТЕБЕСІ

2023 жылғы 19 сәуірдегі жағдай бойынша Қор қайғылы қаңтар оқиғалары барысында зардап шеккен 653 адамға жалпы сомасы 2 млрд 465 млн теңгеге қайырымдылық көмек көрсеткен. Атап айтқанда:

- қаза тапқан 19 әскери қызметшінің, Ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлерінің отбасыларына – 133 млн теңге (7 млн теңгеден);
- Ауыр жарақат алған 111 әскери қызметшіге, Ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне – 333 млн теңге (3 млн теңгеден);
- Қаза тапқан әскери қызметшілердің, Ішкі істер органдары мен ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің отбасыларындағы 23 кәмелетке толмаған балаға – 46 млн теңге (әрбір кәмелетке толмаған балаға 2 млн теңгеден);
- қаңтар оқиғаларының кездейсоқ құрбаны болған 146 азаматтың отбасыларына – 1 млрд 22 млн теңге (7 млн теңгеден);
- Кездейсоқ құрбан болған Қазақстан Республикасының қаза тапқан азаматтарының отбасыларындағы 131 кәмелетке толмаған балаға – 262 млн теңге (әрбір кәмелетке толмаған балаға 2 млн теңгеден);
- Атыс қаруынан зардап шеккен және жәбірленуші деп танылған 210 ауыр жараланған кәмелетке толған азаматтарға – 630 млн теңге (3 млн теңгеден);
- қаңтар оқиғасы кезінде жарақат алған 13 баланың отбасыларына – 39 млн теңге (3 млн теңгеден) қайырымдылық көмек көрсетілген.

**Қордың қолдауымен 7 айлық нәрестенің бауыры алмастырылды**

«Қазақстан халқына» қоры мемлекеттік қолдау шараларынан тыс өмірдің негізгі салаларындағы қазақстандықтардың нақты мәселелерін шешуге бағытталған.

Мәселен, жақында Қордың баспасөз қызметі Астанада ауыр халдегі 7 айлық балаға бауыр трансплантациясы жүргізілгенін хабарлады.

Операция «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен Жапонияның ұлттық денсаулық және даму орталығының (Токио қ.) органдарды трансплантациялау орталығының дәрігерлерімен бірлесіп «1 жасқа дейінгі балалардың бауыр трансплантациясы» тақырыбында тәлімгерлік шеберлік сыныбы шеңберінде жүргізілген. Шақыртылған мамандар «University Medical Center» ҚҚ қызметкерлеріне бауыр трансплантациясын жүргізуге мұқтаж науқастарды операция алдындағы даярлау, анестезиологиялық жәрдемақы, жедел техника және

«Қазақстан халқына» қоры қызметінің негізгі мақсаттары

- Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында қайырымдылық көмек көрсету;
- Азаматтардың рухани, танымдық және өзге де гуманистік қажеттіліктерін қалыптастыру және қанағаттандыру үшін қоғамдық денсаулық, білім, ғылым, мәдениет, өнер, ағарту салаларындағы қайырымдылық жобаларын іске асыру;
- Республикада қайырымдылық мәдениетін дамыту, қоғамның, бизнестің және мемлекеттің қайырымдылыққа сенімін нығайту, қайырымдылықтың барлық субъектілерінің ымырасы;
- Төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимін енгізу кезінде Қазақстан Республикасының зардап шеккен халқына көмек көрсету;
- Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде құқық қорғау органдары, арнаулы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, ауыр жараланғандардың және қаза тапқан деп танылғандардың отбасыларын қолдау;
- Қордың басқару органдарының шешімдеріне сәйкес өзге де қайырымдылық көмек.

операциядан кейінгі басқару тақырыптары бойынша 3 күн бойы оқыту жүргізді. Ерте жастағы науқастарға, әсіресе, дене салмағы 10 кг-нан аз балаларға бауыр трансплантациясы жеткілікті дағды мен тәжірибенің болмауына байланысты Қазақстан Республикасында жүргізілмейді. Сондықтан осындай оқытулардың жүргізілуі, дағдылар мен технологияларды меңгеру дертін асқину санын азайтып, науқастардың өмір сүру сапасы мен ұзақтығын жақсартады.

Нәрестеге туған әкесі донор болған. Балаға ағза ауыстыру үшін Жапония мен Непалдан мамандар шақырылып, қайырымдылық көмек көрсетілген. Операция «University Medical Center» корпоративтік қорының базасында өткізілді. Нәтижесінде операция сәтті өтіп, баланың өздігінен тыныс алу мүмкін болды. Жағдай тұрақтанған соң бала мен әкесі ауруханадан шығарылды. Қазіргі таңда олардың жағдайы жақсы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: qazaqstanhalqyna.kz).



ХАЛЕЛ ДОСМУХАМЕДУЛЫ – 140

АЛАШТЫҢ АСЫЛ АРЫСЫ

«Ғибратты ғалым – Халел» атты «дөңгелек үстел» өтті



Биыл Алаш көсемі, энциклопедист-ғалым Халел Досмұхамедұлының туғанына – 140 жыл. Медицина, тіл ғылымы, т.б. қоғамның кез келген саласында өлшеусіз із қалдырған Алаш арысының мерейтойын атап өту Жаңалық ауылындағы жиыннан басталды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Арыс қорының ұйымдастыруымен Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінде «Ғибратты ғалым – Халел» атты «дөңгелек үстел» өтті. Іс-шараға алаштанушылар мен тарихшы-ғалымдар қатысып, Халел Досмұхамедұлының ұлт руханиятына сіңірген еңбегі

туралы сөз қозғайды. «Алаш арыстары» мешітінде марқұмның рухына Құран бағышталып, ас берілді.

«Бұл кісінің араласпаған саласы жоқ. Барлық саланың басында тұрған үлкен ағартушы десек, артық айтпаймыз. Халел Досмұхамедұлының 150 жылдық мерейтойын әлемдік деңгейде атап өту жоспарда бар», – деді Арыс қорының президенті Ғари-фолла Әнес.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейіржан МҮСАБАЕВ,
Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің меңгерушісі:

ҰЛЫ ТҮЛҒАЛАР ҰЛЫҚТАЛАДЫ

24 сәуірде ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, Батыс Алашорда үкіметінің жетекшісі болған Халел Досмұхамедұлының туғанына 140 жыл болды. Осыған байланысты Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінде халелтанушылар алаштанушы-ғалымдарды шақырып, Алаш қайраткеріне арнап «Дөңгелек үстел» өткіздік. Біздің музей репрессия құрбандарына арналғандықтан ұлт үшін құрбан болған барлық тұлғаның мерейтойы немесе маңызды даталарды еске алу шараларын өткізіп тұруға тырысамыз. Биыл саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш қайраткерлері – Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды біраз тұлғаның мерейтойы болғалы тұр. Алаш қайраткерлерінен бөлек, компартияның мүшесі болса да, қазақтың мүддесін қолдаған ұлт зиялыларымыз бар. Олардың бірі – Жәнайдар Сәдуақасовтың 125 жылдығы. Одан бөлек, Т.Жүргеновтің 125 жылдығы мерейтойлары осы музейде өтеді.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ

Алматылық 1000-нан астам тұрғын тегін кәсіптік оқудан өтеді. Осы уақытқа дейін курстарды оқу үшін 343 адам қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласының Жұмыспен қамту орталығының директоры Сағындық Кенжебаев айтты.

ТЕГІН БІЛІМ бизнеске жол ашады

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Спикердің айтуынша, 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобаға сәйкес, аталған орталық мерзімі 3 айға дейінгі кәсіптік оқу оқытады.

«Биыл Алматы қаласы бойынша 1000 адамды кәсіптік оқытуға жіберу жоспарлануда. Оның ішінде жұмыс берушілердің сұранысы бойынша білім беру ұйымдарына 687 адамды және жұмыс берушілердің жұмыс орнында кәсіптік оқытуға 313 алматылықты жіберу көзделуде», – деді С.Кенжебаев. Оқуға жіберілген қатысушылармен келісім-шарт жасалып, оқу кезеңіне 21 787 теңге мөлшерінде ай сайынғы стипендия бөлінеді.

«Өз кезегінде жұмыс берушінің жұмыс орнына тікелей жіберілген қатысушылармен еңбек шарты жасалады және Халықты жұмыспен қамту орталығы ай сайын 20 АЕК (69 000 теңге) мөлшерінде жалақы төлейді. Жасалған әлеуметтік келісім-шарт және еңбек шарты

шеңберінде оқуды сәтті аяқтағаннан кейін, жұмыс берушілер жұмысқа орналасуға көмектеседі», – деп атап өтті спикер.

Алматы тұрғындарына жеке бизнесін дамыту үшін де қолдау көрсетіледі. Нақтырақ айтсақ, биылға 517,5 млн теңге көлемінде 375 грант беру жоспары бекітілген. Бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттар әлеуметтік осал топтардың азаматтары үшін бөлінетін болады. Бүгінгі күні комиссия 1059 өтінімді қарап, оның 94-і мақұлданды.

Спикердің мәліметінше, гранттар еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтар, мал, құс, көшеттер, бұталар, тұқымдар сатып алу, үй-жайларды жалға алу ақысын төлеу үшін беріледі. Грант алудың да өз тәртібі бар. Грантка өтініш беру үшін business.enbek.kz порталына тіркелу қажет. Осы мәселеге қатысты өзге сауалдарыңыз туындаса, Халықты жұмыспен қамту орталығына, «Әлеуметтік қызметтер үйіне» (Достық даңғылы, 85-үй) немесе 310-47-82 бірыңғай нөміріне хабарласуға болады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ» бағдарламасына құжат қабылдау басталады

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Бағдарламаға қатысу үшін өтінішті www.almaty-zhastary.kz сайты арқылы тапсыруға болады. Сайтта авторизациялау электрондық цифрлік қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы жүргізіледі.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша бағдарламаға қосымша қаражат бөлініп, жас мұғалімдер мен дәрігерлер үшін тағы 100 қарызға лимит ұлғайтылып отыр.

Бағдарлама аясында несие берудің шарттары:

- займның ең жоғары сомасы – 18 млн теңгеге дейін;
- пайыздық мөлшерлеме – 5%;
- бастапқы жарна – 10%;
- бастапқы және қайталама тұрғын үй сатып алу мүмкіндігі;
- қамту – 1100 адамнан кем емес.

Қатысу үшін негізгі талаптар:

1. Қатысушының жасы 35 жасқа дейін (35 жасқа толғандарды

қоса алғанда), өтініш беру кезінде, жұбайының (зайыбының) жасына қарамастан (бар болса). Бағдарламаға негізгі қатысушы ретінде ерлі-зайыптылардың біреуі ғана қатыса алады;

2. Үміткерде және оның отбасы мүшелерінде меншік құқығында тұрғын үйдің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үй жағдайының әдейі нашарлауы фактілерінің болмауы.

3. Қатысушының Алматы қаласында келесі санаттар бойынша міндетті зейнетақы аударымдарымен кем дегенде соңғы 6 ай ішінде ресми жұмыс өтілінің болуы: денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, ЖОО-лар және ҒЗИ, журналистер, әлеуметтік сала, құқық қорғау органдары және қалалық коммуналдық қызметтері.

Толық ақпарат www.almaty-zhastary.kz сайтында орналастырылған.

Анықтама телефоны: +7 (727) 225-14-57 (Алматы қаласы коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы).

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

«ҮЙДЕ СӨЙЛЕҢІЗ»

атты алматылық жобаны Президент те қолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен елордада 26-27 сәуір аралығында Қазақстан халқы Ассамблеясының 32-ші сессиясы өткен болатын. Сессияға қатысқан Алматы делегациясы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында алған әсерлерімен, міндет-мақсаттарымен бөлісті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Әдеттегідей ҚХА алаңы бірқатар стратегиялық тапсырмалар берілетін басты алаңдардың бірі болып табылады. Бүгінде ҚХА алдында жалпымемлекеттік міндеттер тұр. Осындай бірқатар міндеттерді біз Мемлекет басшысы мен ҚХА-дан жергілікті жерлерде, өңірлерде жұмыс жүргізу үшін алдық. Оның ішінде жастармен белсенді жұмыс істеу бар. Мемлекет басшысының өзі біздің жобаларымыздың бірі – «Үйде сөйлеңіз» аула

клубын атап өткеніне өте қуаныштымыз. Бұл жобаны біз Алматы қаласының тұрғындарымен бірге іске қостық», – дейді «Ассамблея жастары» РҚБ мүшесі, Қазақстан ұйғыр жастар одағының төрағасы Рустам Қайыров.

«Үйде сөйлеңіз» жобасының мақсаты – қазақ тілін оқып үйрену және тәжірибеде қолдану. Яғни осы іс-шараны жүзеге асырып отырған Ассамблея жастары қазақ тілін үйренгісі келетін жандарға алысқа бармай-ақ үйдің маңында отырып, қазақша сөйлеуге мүмкіндік жасағымыз келеді дейді. Дәл осындай клуб Астана қаласында бар, енді

Қарағанды және Павлодарда ашылмақ.

«Сессияда Мемлекет басшысы еліміздің барлық халқына үндеу жасады. Қазақ тілінде берілетін білімді арттырып, сонымен қатар басқа этностарға өз дәстүрін, мәдениеті мен тілін дамытуға мүмкіндік береміз. Бұл үндеуде айтылған басты тақырыптардың бірі», – деді Алматы қаласы ҚХА орынбасары, қаладағы «Қазақстан орыс мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі филиалының төрағасы Всеволод Лукашев аталған брифингте.

Сонымен қатар, спикерлер Алматы делегаттарының сессия аясында өткен пікірталастар мен талқылауларға белсене қатысқанын, онда балалардың рухани-адамгершілік, жалпыадамзаттық және азаматтық құндылықтарды қалыптастырудың, толеранттылықтың жоғары мәдениетін тәрбиелеудің, тұлғаралық және этносаралық қарым-қатынастың өзекті мәселелері көтерілді.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫЛАР

АҚШ-тағы роботтехника бойынша ондыққа кірді

Қазақстандық мектеп оқушылары роботтехника тарихында теңдессіз жеңіске қол жеткізді. Америкада роботтехникадан өткен чемпионатқа қатысқан алматылық оқушылар әлемдік ең үздік ондықтың құрамына кірді.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Мұндай айтулы додаға қатысу – әрбір жасөспірімнің арманы. Біздің елімізден барған оқушылар өз шеберліктерін көрсетіп, он квалификациялық матчтың тоғызында жеңіске қол жеткізді. Осы-

лайша 80 команда арасынан 9-орынды иеленіп, бірден үш номинация бойынша жүлде алды. Олар күрделі тапсырмаларды орындай алатын берік және тиімді робот жасау арқылы тамаша бағдарламалау тәсілдерін және инженерлік дағдыларды көрсетті.

Vex Spin Up категориясы бо-

йынша 6–12-сыныпта оқитын 11 500 оқушы жоғары ынта-жігері, ынтымақтастық рухы және өзара сыйластығы үшін чемпионаттың ерекше марапатын иеленсе, бастауыш сынып оқушыларының инновациялық жобасы мен техникалық әзірлемелері қатысушылар арасында ең үздік деп танылды. Сондай-ақ, Алматы қаласының атынан қатысқан 1737 D Dream ON мен 1737 Y Blue Ribbon командасы үздік өнер көрсетіп, ширек финалға шықты. Дәл қазір, бет қатталып жатқанда, біздің жасөспірімдер командасы додалы жарысқа қатысып жатыр.



● ЛУДОМАНИЯ

ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚҰЛДАРЫ

Ұтысқа теңге тігіп, соның шынжырына шырмалған құмар ойыншылардың әрекеті ауру ма, әлде әдет пе?

Өз үйінен өз затын ұрлап, онлайн рәсімдеген қарызы қордаланып қалса да, ойыннан бас тартуға дәрменсіз адамдарды мұндай қадамға не итермелейді? Талай отбасын ойрандап жатқан бұл «аурудың» емі бар ма?



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Осы сұрақтарға жауап іздеп, мегаполисте орналасқан Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың Павлодардағы бөлімшесіне хабарластық. Онда есірткі заттарына, «ащы су» мен құмар ойынға тәуелді науқастар емделеді. Ол орталықта ойнаймын деп от басқан жас та, кері де бар.

Мұнда емделіп жатқандардың дені жұмыссыз. Емдейтін орталыққа ойыннан басқаға зауқы, тамаққа тәбеті болмай, ой-санасы ойыннан басқаны қабылдамай, аласұрған күйге түскесін, яғни құмарлықтан шығар жолы қалмағасын келген. Мамандар ойынға қаржысын оңды-солды шашу, оған тәуелді болу қаржыны жұмсаудың тетігін білмеу, сауатсыздық пен жүгенсіздіктің нәтижесі дейді.

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың Павлодардағы бөлімшесінде биыл 22 науқас емделді. Емдеуші мамандардың айтуынша, көбінесе емделушілердің туыстары казино, автомат ойындарға, онлайн ұтысқа әуес адамдардың шектен тыс осы әрекетке құмарлығын дерт деп қабылдамайды. Ауру асқынып, өздері де, ойынсыз өмір сүре алмайтын жақыны да обден шарасыз күйге түскенде ғана психологтың алдына келетін көрінеді.

Ойынқұмарлық немесе гемблинг, лудомания деп аталатын бұл ауру есірткілік заттарға, спиртті сусындарға тәуелділік сияқты даму тетіктері өте ұқсас дерт. Ойынға құмар адамды оған тәуелді деп санау керек. Науқастың бойында бұл аурудың пайда болуына түрткі болатын бірнеше себеп бар.



Ең бірінші себеп – қанағатсыздық. Қанағатсыздық адамды адастырады. Бұл сезімнің «ерекшелігі» – ойын оған құмар адамның ішінде тұншығып жатқан эмоциясын сыртқа шығаруға мүмкіндік береді. Себебі, ойынқұмар – шынайы өмірде өзіне көңілі толмайтын, кім екенін көрсетуге ұялып, топтан ерекшеленуге жасқанатын немесе өз сөзін мойындатуға қауқарсыз адам. Оған өмірде жеңіске жету оңай емес. Ал құмар ойын кезінде оның арманы орындалады. Ең бастысы – бір нәтижеге қол жеткізгеннен кейін ол ойынға қайта оралуды аңсайды, асығады.

Екіншіден, жалғыздық адамды құмар ойынның құрығына ілінуге итермелейді. Өйткені, сөйлесіп, сырласатын жақыны жоқ және көңілі жабырқау адам ойыннан ғана рахат тауып, содан ғана ләззат алады. Ол сол тәтті сезімді тағы да сезінгісі келіп, ойынның басыбайлы құлына айналғанын өзі де байқамай қалады. Себебі, ойыншылардың өзінің әрекетіне есеп беру, бақылау қабілеті төмен болады дейді мамандар.

Үшіншіден, оңай ақша табуды көздегендер осы казино, компьютерлік, автомат-тағы ойындардан олжа іздейді. Олар бір

мәрте ұтысты иеленіп, тағы қомақты ақша ұтамын деген үмітпен ойынхананың тұрақты клиентіне айналады. Ойыншылардың басым бөлігі көбінесе, алкогольге немесе есірткіге үйір адамдар. Сондықтан олар ойын мен шынайы өмірдің арасындағы ақиқатты ажырата алмайды.

Елімізде осы дерттің тұзағына қанша адамның ілінгені туралы нақты деректер жоқ. Себебі, ойынсыз өмір сүре алмай-тындардың көбі жекеменшік медициналық орталықтарда емделуге тырысады. Екіншіден, статистикалық көрсеткіштің аз болу себебі, мұндай адамдар өзін аурумын деп санамайды және ешқашан мойындамайды. Олар медициналық көмекке жүгінбейді. Мамандарға тек қарызы қордаланып, ойынның тұтқынына айналғанда ғана, оның өзінде туыстарының үгіттеуімен келеді.

Мамандар ойынға тәуелділік жас талғамайды деп отыр. Әрі бүгінгі күні интернеттің көмегімен-ақ құмар ойындарға кіріп кете алады қалаған адам. Тіпті, қарызға үйде отырып несие алу да оп-оңай болып кетті. Сондықтан мамандар бастапқыда ермек үшін ойнап, нәтижесінде опық жеп жүргендердің мінез-құлқына назар аударуға кеңес береді.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



«Almaty akshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Республикалық отбасылық-дәрігерлік орталығы» ЖШС-іне:
• есепші;
• медбике керек.
Тел.: 8 747 285 58 36.

«АЙМАҚ МҰНАЙ-СЕРВИС» ЖШС-іне:
• сатып алу жөніндегі менеджер керек.
Тел.: 8 (727) 338-21-11, 8 747 708 00 73.

«БЕККЕР И К» ЖШС-іне:
• аспаз;
• жүк тиеуші керек.
Тел.: 8 (727) 392-01-83, 8 701 888 10 71.

«ALG COMPANY» акционерлік қоғамына:
• электр-техникалық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету бойынша электр слесарі;
• жүк көлігінің жүргізушісі;
• ішкі қауіпсіздік қызметінің операторы;
• әкімші керек.
Тел.: 8 (727) 252-87-45, 8 771 228 41 31.

«ТЕМІРБЕТОН – 1» ЖШС-іне:
• гараж басшысы керек.
Тел.: 8 (727) 297-44-77.

«БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНА»:
• статистика-аналитика маманы керек.
Тел.: 8 (727) 331-66-99.

Республикалық «ЦЕНТР ЗАБОТА-ХЭСЭД ПОЛИНА» еврей қайырымдылық қоғамдық бірлестігіне:
• әлеуметтік қызметкер керек.
Тел.: 8 (727) 273-54-49.

«ҚР Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығына»:
• бөлімше жетекшісі;
• санитаршылар керек.
Тел.: 8 (727) 291-88-02.

«ҚАЗПОШТА» акционерлік қоғамына:
• оператор-телефоншы керек.
Тел.: 8 (717) 261-16-99, 8 747 901 08 19.

«ГОЛУБОЙ ПАРУС» білім мекемесіне:
• нысанға кешенді қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметкер;
• бастауыш сынып мұғалімі;
• аспаз;
• тәрбиешінің көмекшісі керек.
Тел.: 8 (727) 271-32-12.

«MAGNUM CASH&CARRY» ЖШС-іне:
• қоймашы;
• кассир керек.
Тел.: 8 707 471 91 59.

«Gerat дистрибуция» ЖШС-іне:
• сату бойынша менеджер керек.
Алматы қаласы, Қожанов көшесі, 77-үй.
Тел.: 8 771 759 54 23.

«Логистика» ЖШС-іне:
• қаршылар;
• жүк тиеушілер;
• қойма меңгерушісі+қаршы керек.
Алматы қаласы, Өтеген батыр көшесі, 28 А (Қуанышбаев көшесінің қиылысы), 308-кеңсе.
Тел.: 8 700 098 38 57.

№8 емханаға:
• невропатолог-дәрігер;
• медбике, мейіргер керек.
Тел.: 8 747 555 93 25.
Түркебаев көшесі, 40-үй.

«Qazselmash» ЖШС-іне:
• құрастырушылар, зауытқа слесарьлар (металл конструкциялары);
• темір есіктерді құрастырушылар;
• слесарьлар;
• дәнекерлеушілер керек.
Алматы қаласы, Бұқтырма көшесі, 24/2 (№36, №120 автобустар барады, «Маяк» аялдамасы, әуежай жолы).
Тел.: 8 700 098 38 57.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

● МАМАН КЕҢЕСІ

Гүлнұр ҚУАНЫШҚЫЗЫ,
психотерапевт:

ӘЛІ ДЕ КЕШ ЕМЕС...

Құмар ойынға тәуелді адамдардың бәріне ортақ айрықша белгілер – көбінесе агрессияға берілгіш, қызба, ашуланшақ. Сіркесі су көтермейді. Себебісі ызаланады. Өзін қоршаған ортаға, адамдармен қарым-қатынас орнатуға зауқы жоқ. Себебі, ол үнемі «басымдағы қарыздан қалай құтыламын, ақшаны қайдан табамын» деген уайымның жетегінде жүреді. Өзін-өзі бақылау қабілетінен айырылады. Сондықтан мұндай адамдар ойын кезінде жеңсе де, жеңілсе де, одан бас тарта алмайды. Үнемі өтірік айту, ұрлық жасау, несие-қарызды үйіп ала беру, оны төлемей – бұл тәуелділік дертіне шалдыққан науқастардың айқын белгісі.

Әлі де кеш емес, егер құмар ойынның құрығынан шыға алмай жүргендер болса, біздің орталыққа хабарласуға болады. Ішімдікке, нашаға және ойынға тәуелді адамдарды еліміздің барлық өңірінен қабылдаймыз және емдеп, адам қатарына қосамыз. Пациенттерді тәжірибелі, кәсіби психологтар, психотерапевтер екі айдан бір жылға дейін тегін емдейді. Орталыққа қоңырау шалып немесе өзінің тұрғылықты мекенжайы бойынша емханаға барып, жолдама алуға болады. Медициналық тексеруден өтіп, квота арқылы емделуге де мүмкіндік бар.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

БЕРІК, құмар ойынға тәуелді жігіт, 40 жаста:

МОЙНЫМДА 17 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ
ҚАРЫЗЫМ БАР

Мен өзімнің ақылға сыймайтын қателік жасағанымға өкінемін. Менде ақша көп, дос та көп болды. Күреп таптым. Сот саласында қызмет еттім. Кәсіби маман болдым. Үлгілі отағасы, жақсы әке болдым. Бірақ соның бәрін көтере алмадым ба, достармен әр кездесуден кейін ойын ойнап, көңіл көтердік. Осындай жабысып алатын кесел деп үш ұйықтасам ойыма кірмеген. Ойыннан ұтылдым ба, жеңіске жеттім бе, маған ол маңызды болған жоқ. Әр ойыннан кейін керемет рахаттанып қаламын. Қазір мойнымда 17 миллион теңге қарызым бар. Бірнеше микрокредиттік ұйымға, туыстарым мен әріптестеріме қарызбын. Оған дейін қанша ақшаны ойынға тіккенім есімде жоқ. Ойынға жоламау керек. Оның апанынан шығу өте қиын екен.

ДИАС, бір кездегі озат оқушы, 29 жаста:

ЕРКІНДІКТІҢ ЖӨНІ
ОСЫ ЕКЕН ДЕППІН...

Мектепте жүргенде түрлі үйірмелерге қатыстым. Қатарымның алды болдым. Бірақ үйден шықпайтынмын. Маған ата-анам көп шектеу қоятын. «Бұзылып кетесің» деп сыныптастарыммен араластырмайтын. Үйкүшік болып өстім. Мектепті де, универді де үздік бітіріп, беделді компанияға жұмысқа тұрдым. Жаңа достар, жан-дүниемді түсінетін әріптестер таптым. Сауықшыл құрдастарыммен қыдыратынды шығардым. Мінезім, ұстанымдарым өзгере бастады. Жұмыстан кейін қыдыруға асығамын. Жаңа ортада мұның дұрыс емес деп ешкім айтпайды. Керісінше, мені қолдаушылар көбейді. Еркіндік ұнады. Есірткілік заттарға үйір бола бастадым. Достарыммен бірге ойынханаға да бардық. Бірнеше күн, түн ойнап, ақшам таусылғанда ес жидым. Одан әрі үйден анамның алтын бұйымдарын ұрладым. Сөйтіп жүргенде, ойынға тәуелді болып қалғанымды кеш түсіндім.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Енді такси жүргізушілері мен курьерлер ресми түрде жұмыспен қамтылғандар санатына жатқызылып, салық төлеуге міндетті. 1 шілдеден басталатын бұл пилоттық жоба туралы бұған дейін де хабарланған еді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі дайындаған әлеуметтік кодекс жобасында салық жөнінде толық көрсетілген. Аталған қызметкерлер «тәуелсіз жұмыскер» деп танылып, салық төлемдері мен әлеуметтік жарналарды онлайн-платформалар арқылы төлейтін болады. Елдегі шағын және орта кәсіптің қызметкерлері үшін салынатын міндетті төлем арқылы әлеуметтік құқығы қорғалады.

Мемлекеттік кірістер комитеті интернет-платформалармен бірлесіп, азаматтарға ыңғайлы қызметті жүзеге асыруда. Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің түсіндіру жұмысы және байланыс орталығы басқармасының басшысы Айжан Есболқызының айтуынша, мұндай талаптар қазір ғана пайда болған жоқ, бұрыннан бері бар жүйе. Бірақ әртүрлі себептерге байланысты такси жүргізушілері мен курьерлер бұл талапты орындамай жүрді. Менің ойымша, оның басты себептерінің бірі – міндеттемелерді орындауға байланысты әкімшілік рәсімдерді орындауға дайын еместігі.

«Такси немесе курьерлік жеткізу қызметтерін көрсету кезінде жеке кәсіпкер ретінде тіркелу немесе мекемеге жалдамалы қызметкер ретінде рәсімдеу жолымен салықтар мен әлеуметтік төлемдерді төлеуге міндетті. Осыған байланысты интернет-платформаларды пайдалана отырып, қызмет көрсететін тұлғаларға салық міндеттемелерін орындауға көмектесу үшін Мемлекеттік кірістер комитеті «eSalyq Business» мобильді қосымшасын пайдаланып, жүргізілетін салық режимі негізінде пилоттық жобаны іске қосуда. Бүгінгі күні ақпараттық жүйелерді баптау бойынша «Яндекс.такси»-мен жұмыс жүргізілді. Азаматтар ерікті негізде пилоттық жобаға қосыла алады. Пилоттық жобаны техникалық жүзеге асырудың жоспарланған уақыты – 2023 жылдың 1 шілдесі», – дейді ол.

Жеке кәсіпкер ретінде тіркелу тікелей интернет-платформада өтеді. e-Salyq Business мобильді қосымшасы арқылы арнайы салық режимі бойынша салық ставкасы – табыстың 1% және әлеуметтік төлемдер. Табыс алу фактісі бойынша ай сайын салық төлеп отыру керек. Мәліметтер автоматты түрде МКК-ға беріледі.

Мобильді қосымшада чек беретін функция бар. Азаматтардың салықты есептеп, салық органдарына барудың қажеті жоқ. Әр айдың соңында бұл қосымша қорытынды сомасы бар чектер арқылы анықтама қалыптастырады. Осы анықтама бойынша салық төленеді. Мобильді қосымша есептеулерді автоматты түрде жасайды.

Егер 60 күн ішінде қосымшадағы табыс көрсетілмесе, онда жеке кәсіпкерлік автоматты түрде жабылады. Қосымшаны Google Play Market және App Store-дан жүктеп, жеке кәсіпкерді тіркегеннен кейін «e-Salyq Business» мобильді қосымшасы арқылы салық режимін таңдау керек. Такси қызметін көрсету арқылы табыс тауып отырған әрбір жүргізуші оның қандай да бір жерде тіркелуі немесе тіркелмеуіне қарамастан жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, салық төлеуге міндетті.

Әлеуметтік жаңашылдық – бірыңғай міндетті төлем жөнінде қоғам белсенділерінен сұрап көрген едік. Олардың салыққа қатысты пікірі екіге жарылды.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚ

қалай қорғалады?



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айша ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
журналист, қоғам белсендісі:

Артық жүк болмақ

Қазір осы операторлар арқылы тапсырыс қабылдап, күнкөрісін айырып жүрген замандастар көп. Өзім солардың қызметін жиі пайдаланушылардың бірімін. Үкіметтің көзі енді солардың табысына түскендей ме?! Өз күнін өзің көр деп алып, бұл қайткені?! Өндірісі жоқ, бар жұмыс орындарын алпыс үшке дейінгі және одан кейінгі зейнет жасындағылар босатпай отырған елімізде адам тасып, жан бағуға көшкендер үшін бұл соққы болады десем, артық айтқандық емес. Себебі, көбінің көлігі ескі. Кейбіріне міне сала түсуге асығып отырсың. Тұрмыстың тауқыметі, әлде өзінің құлықсыздығы кір сасыған жүргізушінің кейпінен де, көліктің шаң-тозаң ауасынан да жүрегің айналып, межелі жерге жеткенше ерең шыдайсың. Көбісі ақшаны әйелінің атына аудартады. «Қолма-қол жоқ па?» деп сұрайтындары кезігіп қалады. Кейбірі отыра сала жағдайын айта бастайды. Көбісі – күн көріс іздеп, Астанаға келгендер. Пәтер жоқ. Кейбірі несие құрығына кірген. Кейбірі жұмыс арасында аз жалақыға сеп болсын деп, адам тасиды екен. Оңай емес. Қаланың кептелісімен, бензин жейтін ескі көлікпен тапқан табыстың жартысына жуығы делдал операторлар қалтасына түседі. Әйтеуір жоқтан тәуір деп жүрген жандар – бұл таксистер. Ешқайсысы еріккеннен бұл істі кәсіп етпейді. Енді оларға салық салынса не болады? Баға болса мынау, Керқұла атты Кендебай сияқты сағат сайын өсіп бара жатыр. Үкімет «өз күнін өзің көр» деді ме, енді тырмысып, бар мүмкіндігін пайдаланып, өзін жұмыспен қамтып жүрген бұл бейбақтарды жайына қалдыру керек қой.

МАМАН КЕҢЕСІ

Бағдат АМАНДОСҰЛЫ,
заңгер:

Жұмыссыздар азаяды

Аталмыш қызметкерлерді салық төлеуге міндеттеуі өте дұрыс деп санаймын. Бұл қызметтер жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге немесе мекемеге (басқа кәсіпкерге) жалдамалы қызметкер ретінде рәсімделуге міндетті, сол арқылы зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және медициналық сақтандыру төлемдерін төлеуге міндетті болады. Яғни жұмыссыздар азаяды. Енді жеке сот орындаушылар сот шешімдері негізінде әдейі қарыздарды төлемей жүрген борышкердің кірістерін көру арқылы мәжбүрлеп өндіре бастайды.

Жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, төменгі еңбек ақымен алимент төлеп жүргендер өздерінің балаларына материалдық тұрғыдан көңіл бөле бастайды.

МӘЖІЛІС

ТҮЗЕТУЛЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы заң жетілдірілмек



Мәжіліс «Қазақстан Республикасындағы адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң жобасына түзетулер қабылдады. Заң жобасы туралы депутат Снежанна Имашева баяндама жасады.

«Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң жобасы адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау мақсатында адам саудасына қарсы іс-қимылдың ұйымдық-құқықтық негіздерін анықтауды, оның ішінде адам саудасына қарсы күрес саласындағы уәкілетті органдарды құруды, олардың құқығы мен міндетін, оларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және жаңа ұғымдарды енгізу және заң нормалары қолданылатын тұлғалар шеңберін, адам саудасына қарсы күрес субъектілері мен олардың құзыретін анықтау, адам саудасының тәуекелдерін бағалауды көздейді», – деді ол.

ПОЛИЦИЯ



ҰРЫЛАР ҰСТАЛДЫ

Алматы полицейлері 4 қалта ұрысын қолға түсірді. Мереке күнінде қоғамдық орындарда адамдар көп шоғырланатынын жақсы білетін қалта ұрылары қарап отырмаған секілді.

«Алматы Арбатында бөтеннің қалтасынан Samsung телефонын жымқырған 37 жастағы М. есімді азаматты жесдел уәкілдер қолға түсірді. Ал бұл уақытта қаланың орталық саябағында бұрын сотты болған 34 жастағы Б. есімді азаматша өзінің сіңлісімен өзгенің iPhone телефонын ұрлаған. Қазіргі таңда аталған екі дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды. Күдіктілер қамауға алынды», – деді Алматы қаласы ПД криминалдық полиция басқармасының басшысы Қуатбек Науатов.

Ұсталған күдіктілердің осы іспеттес өзге де қылмысқа қатысы бар-жоғы анықталып жатыр. Тәркіленген телефондар айғақ зат ретінде тіркелді. ҚР ҚПК-нің 201-бабына сәйкес өзге ақпараттар тергеу мүддесіне орай жариялауға жатпайды. ҚР Конституциясының 77-бабының 3-тармағының 1-тармақшасына және ҚР ҚПК-нің 19-бабы 1-бөлігіне сәйкес, заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленгенге дейін әрбір адам қылмыстық құқық бұзушылық жасауда кінәсіз деп танылады.



FIDE РЕЙТИНГІ

БІЗДІҢ
БИБІСАРА

әлемдік үздік бестікке енді

Екі дүркін әлем чемпионы Бибисара Асаубаева FIDE әйелдер арасындағы әлемдік шахмат рейтингінде 2461 ұпай жинап, FIDE рейтингінің бесінші сатысына көтерілді.



Б.Асаубаева блиц санатындағы әлемнің ең мықты 20 шахматшысының ішіндегі ең жас шахматшы. Оның спорттағы бұл көрсеткіші әлемдік шахмат аренасындағы соңғы жетістігімен байланысты болды. Екі жыл қатарынан блиц бойынша әлем чемпионы атанды. Биыл Нью-Делиде өткен Гран-Приде Бибисара үздік үштіктің тізімінде болды. Одан кейін Қазақстан мен әлем құрамалары арасындағы кездесуде Бибисара төрт дүркін әлем чемпионы, әйелдер арасындағы ФИДЕ рейтингінің көшбасшысы қытайлық Хоу Ифанды екі рет ұтты.

20 сәуірде ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов Б.Асаубаеваға Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері жоғары атағын берді. Ол бұл атаққа ие болған тұңғыш қазақ шахматшысы болды.

БОКС

Сағындық Тоғамбай

қарсыласын нокаутпен жеңді



Ташкентте бокстан ерлер арасында өтіп жатқан әлем чемпионатында Сағындық Тоғамбай қарсыласын нокаутпен ұтты.

Жастар арасында Азияның үш мәрте чемпионы, дәл осындай әлемдік додада финалға дейін жеткен қазақстандық боксшы 86 келіге дейінгі салмақта бастапқы кездесуін конголық Натан Нланду Мбелимен өткізді.

Сағындық екінші раундта қарсыласын екі рет нокаутқа жіберді. Үшінші кезеңде төреші жекпе-жекте тоқтатты. Осылайша С.Тоғамбай 1/8 финалға жолдама алды. Бүгін кешкі сессияда, сондай-ақ Санатәлі Төл-таев рингке шығады.

ТЕННИС

Турнирдің екінші айналымына шықты

Қазақстанның бірінші, әлемнің 55-ракеткасы Александр Бублик Францияда өтіп жатқан Экс-ан-Прованс челленджер турнирінің екінші айналымына шықты. Жарыстың 6-ракеткасы болып тіркелген қазақстандық теннисші бастапқы кездесуін дүниежүзілік рейтингте 180-орында тұрған италиялық Риккардо Бонадиомен өткізді.

А.Бублик 7:6 (7:5), 7:5 есебімен жеңіске жетті. Бір сағат 37 минутқа созылған бәсеке барысында А.Бублик 10 эйс жасап, 6 брейк-пойнттың бесеуін пайдаланды.

Қазақстандық спортшы екінші айналымда әлемнің 114-ракеткасы, финляндиялық Отто Виртаненмен шеберлік байқасады. Экс-ан-Прованс додасы 7 мамырда мәреге жетеді. Тағы бір қазақстандық Александр Недовесов жұптық сында Кальери (Италия) челленджер турнирінің алғашқы айналымында сербиялық Никола Качичпен бірге аустриялықтар Александр Эрлер – Лукас Мидлермен ойнап, 6:7 (5:7), 4:6 есебімен жеңіліс тапты. Сөйтіп, ширек финалға шыға алмады.



ФУТБОЛ



Футболдан әйелдер құрамасы арасында 2023/24 жылғы Ұлттар лигасының жеребесі тартылды. Ол – еуропалық әйелдер футболында үшінші дивизион. Жеребе нәтижесіне сәйкес қазақстандық футболшылар төртінші топқа түсті. Қарсыластары – Израиль, Эстония және Армения.

ЖЕРЕБЕ ТАРТЫЛДЫ

Әйелдер құрамасы С лигасында сынға түспек

А лигасы:

1-топ: Англия, Нидерланд, Бельгия, Шотландия.
2-топ: Франция, Норвегия, Австрия, Португалия.
3-топ: Германия, Дания, Исландия, Уэльс.
4-топ: Швеция, Испания, Италия, Швейцария.

В тобы:

1-топ: Ирландия, Солтүстік Ирландия, Венгрия, Албания.
2-топ: Финляндия, Румыния, Словакия, Хорватия.
3-топ: Польша, Сербия, Украина, Грекия.
4-топ: Чехия, Словения, Босния және Герцеговина, Беларусь.

С лигасы:

1-топ: Мальта, Молдова, Латвия, Андорра.

2-топ: Түркия, Люксембург, Литва, Грузия.
3-топ: Әзербайжан, Черногория, Кипр, Фарерские аралдары.

4-топ: Израиль, Эстония, Қазақстан, Армения.
5-топ: Солтүстік Македония, Косово, Болгария.
2023/24 жылғы Ұлттар лигасының ойын күнтізбесі:

Топтық кезең:

1-2 тур: 2023 жыл, 20–26 қыркүйек.
3-4 тур: 2023 жыл, 25–31 қазан.
5-6 тур: 2023 жыл, 29 қараша – 5 желтоқсан.
Финалдық кезең 2024 жылдың 21–28 ақпан аралығында өтеді.

БОЧЧА

ПАРАЛИМПИАДА
маусым айында өтеді

Қазақстан бочча федерациясының баспасөз қызметінің хабарлауынша, паралимпиадалық спорт түрі – боччадан ең ауқымды жарыс 1–4 маусымы аралығында өтеді.

Чемпионат елордадағы Жаксылық Үшкөпиров атындағы спорт сарайында ұйымдастырылады. Жарысқа тірек-қимыл аппаратында ақауы бар спортшылар қатысады. Еліміздің әр өңірінен 15 жас және одан жоғары 50-ге жуық спортшы бақ сынаиды деп жоспарланып отыр.

«Чемпионаттың өткізілуі – елімізде спорттың осы түрін дамытудағы маңызды жетістік. Боччамен бүкіл әлемде мүгедектігі бар адамдар айналысады. Қазақстан үшін бұл салыстырмалы түрде жаңа спорт түрі, соған қарамастан оны біздің ерекше спортшыларымыз жақсы көреді. Өйткені, бұл күрделі диагнозы бар азаматтарға өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Чемпионат еліміздің түкпір-түкпірінен келген үздік спортшылардың басын қосып, ұмытылмас эмоциялар сыйлайды. Қызығушылықтары ұқсас адамдар бір-бірімен тіл табысып, бәсекелестік сезімін бастарынан өткері», – дейді федерация президенті, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ТҰЛҒАТАНУ

Қали СӘРСЕНБАЙ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ҰЛТҚА ЕҢ АЛДЫМЕН ӨЗ МУЗЫКАСЫ КЕРЕК



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Белгілі журналист-жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының лауреаты Қали Сәрсенбайдың екі бірдей кітабының тұсауы кесілді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Оның бірі КСРО және Қазақстанның Халық артисі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімұлы туралы. «Корифей» деп аталады. Қали Сәрсенбайдың бұған дейін де аты аңызға айналған Асанәлі жайында жазған бір кітабы жарық көрген болатын. Ал кезекті туындысына белгілі тұлғаның өнердегі һәм өмірдегі жүріп өткен жолында кездескен оқиғалар, тосын қырлары мен сырлары баяндалады.

Екінші «Журналист – өмір барлаушысы, журналистика – өмір мектебі» деген туындысы кәсіби журналист, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Жанболат Аупбаевпен жүргізілген сұхбаттарға арналған, сол замандасы жөніндегі «1001-ші мақала» деген эссемен түйінделеді. Жалпы, қазақ баспасөзіндегі тұлғалар жөнінде, олардың тағылымы, сонымен қатар ұлт баспасөзіндегі қызықты деректер, оқиғалар баяндалатын бұл кітапты Журналистика факультеттеріне қосымша оқулық ретінде ұсынуға болады дейді пікір білдірушілер.

Кітаптың таныстырылымына елімізге белгілі ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлерімен бірге, Қали Сәрсенбайдың екі кейіпкері де қатысып, лебіздерін жеткізді.

«Корифей» мен «Журналист – өмір барлаушысы, журналистика – өмір мектебі» – автордың «Тұлғатану» сериясымен жарық көріп отырған жетінші, сегізінші кітабы. «ARNA-B» баспасынан басылып шықты.

«Тұран» университетінің төрінде өткен рухани кеш соңында университет ректоры Рахман Алшанов Асанәлі Әшімов пен Қали Сәрсенбайға «Құрметті профессор» атағын берді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Кенжехан МАТЫЖАНОВ, ғалым:

«ЖҮРЕКТІ ЖУРНАЛИСТ»

Қали Сәрсенбайды «жүректі журналист» деп атар едім. Және мұны екі түрлі мағынада айтуға болады. Біреуі – батырлығы. Екіншісі – қазақ өнері мен мәдениетіне деген сүйіспеншілігі. Қалекеннің журналистік еңбектерінің негізгі бөлігі – өнер мен мәдениет туралы. Бұрын әкімдердің іс-қызметі жөнінде ақпар ғана берумен шектелетін «Almaty aqshamy» газетін қазақ мәдениеті, өнері, әдебиеті қақында оқылатын дүниелер басатын рухани газетке айналдырды. Соның арқасында аталған газетке рухани жылылық келді. Әдетте өнер адамдары туралы өмірден өтіп кеткеннен кейін жазамыз. Тірі адам туралы жазу оңай емес. Қалекенді жүректі журналист деп бағалайтыным сондықтан. «Корифей» – бүгінгі деректі прозаның табысы.

Әмірхан МЕНДЕКЕ, сыншы:

«АСАНӘЛІНІ ТАҢУ – ҚАЗАҚТЫ ТАҢУ»

«Корифей» – Асанәлі Әшімовтің күнделіктері туралы кітап. Сол туралы ой толғайды. Бір күні Қали Асекеңнің үйіне барса, үлкен-үлкен 29 кітапты көреді. Мұны халыққа бермейсіз бе деп жата жабысады. Іуі толған тарихи уақыттың шындығы. Буниннің күнделіктерін оқығанда, оның ақсүйектігі, бекзаттығы көрініп тұрады. Асекеңнің күнделіктерінен де сол ірілігі, тектілігі байқалады. «Асанәліні тану – қазақты тану» деген Қалидың сөзі орынды. Қали тұлға деп кімді айтуға болатынын дәлелдеді. Жақында «Ана тілі» газетінен Қалидың «Нотаға сыймаған Нұрғиса» деген эссесін оқыдым. Оқып отырып екі рет орнымнан тұрып кеттім. Нұрғисаның «Махамбет» симфониялық поэмасын тыңдағанда Моцартты, Бетховенді тыңдағаннан да күшті әсер алғанын жазыпты. Өйткені, ол – өзіміз. Қанымыз, жанымыз. «Ұлтқа ең алдымен өз музыкасы керек» депті. Осындай дүниелерді студенттерге оқыту керек.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК, қаламгер:

«ШЫҒАРМАЛАРЫНДА АРТЫҚ СӨЗ ЖОҚ»

Студенттерге арасында лекция оқытыным бар. Бір күні жастардан Абайдан бастап, кімдерді, қандай кітап оқып жүрсіңдер деп сұрадым. Ештеңе оқымаған. Сосын келесі аптада студенттерге қандай кітап апарсам екен деп үйімдегі кітап сөрмеді қарадым. Ішінде бәрі бар кітап апарғың келеді ғой. Содан қарап-қарап, Қалекеннің «Түнгі қойылым» кітабын алып бардым. Үш сағаттық лекцияның орнына студенттерді шетінен тұрғызып қойып, сол кітаптағы Амангелді Сембин туралы «Сеньор Саттаров» повесін кезекпен оқыта бастадым. Басында біртүрлі көрінген еді, бір кезде «мен оқиыншы», «мен оқиыншы» деп бірінен соң бірі іліп әкетіп, тура сабақтың уақыты біткенде, кітаптың да соңғы бетін жазптық. Жастардың қызыққаны соншалық, келесі жолы «тағы да кітап оқымыз ба?» деп сұрады. «Бүгін кітап оқымаймыз, енді талдаймыз» дедім де, Қалекеннің шығармасын талдадық. Айтайын деп отырғаным, біздің Қалекеннің шығармаларында артық сөз жоқ, шашауы шықпай, бәрі орын-орныммен қолданылады, елітіп әкетеңді. Жалпы, әдебиеттің бітімі бөлек, журналистиканың тілі бөлек, ал Қалекен осы шекараны сақтайды. Қаламгерге табыс тілеймін.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Еліміздегі ерекше нысандар мен қасиетті орындардың туризмді дамытуға ықпалы орасан. Алматының бір өзінде 100-ден аса нысан тарихи-мәдени мұралар тізіміне енген. 31 ескерткіш мемлекеттік қорғауға алынған. Ал республикалық нысандар тізіміне мегаполистеі Райымбек батыр бейіті, Ахмет Байтұрсынов музей-үйі, Боралдай-сақ қорғандары, Республика алаңы сияқты тарихи маңызы бар орындар кірген.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі республикадағы «ТОР-5»-ке енген ғажап тарихи ескерткіштер тізімін жариялады. Үздік «бестікке» енген қасиетті орындарды назарларыңызға ұсынғанды жөн санадық.

ҮЗДІК БЕСТІК

1. ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ КЕСЕНЕСІ

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – еліміздегі ең танымал тарихи орындардың бірі және Орталық Азия аумағындағы орта ғасырлық сәулет өнерінің көрнекті туындысы.

Өмір Темірдің басшылығымен XIV ғасырда салынған кесене халқымыз үшін киелі орын саналады. Яссауи кесенесінің маңына 24 хан, сұлтан мен 57 батырдың, 18 билік сүйегі жерленген.

ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген кесененің биіктігі 39 метр. Ғимарат бір-бірімен түрлі дәліздер арқылы жалғасып жатқан 35 бөлмеден тұрады. Орталық бөлмеде көне жәдігер – Тайқазан орналасқан.



2. ТАҢБАЛЫ КЕШЕНІ

Көне дәуірден сыр шертетін Таңбалы тастар еліміздің аса маңызды тарихи мұраларының бірі. Ол – Орта Азия жартастарындағы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген тұңғыш ескерткіш.

Таңбалы кешеніндегі петроглифтердің төрт мың жылдық тарихы бар. Ал суреттердің жалпы саны 5000-ға жуық.

Жартастағы суреттер ертедегі адамдардың қоршаған әлемді қабылдауын көрсетеді, дүниетанымын танытады. Петроглифтер белгілі жүйемен және философиялық, танымдық бірізділікке негізделген.



3. АҚЫРТАС САРАЙ КЕШЕНІ

Қойнауы құпияға толы Ақыртас сарай кешені VIII-XII ғасырларда салынған. Қабырғаларына қаланған тас блоктардың әрқайсысының салмағы бір тоннаға жуық. Кейбір қашалған тастардың салмағы 10 тоннадан асады.

Ғалымдар ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Ақыртас кешенін араб деректерінде кезітетін, Ұлы Жібек жолының бойындағы Касрибас қаласы деп болжайды.

Аумағы 2,5 жарым гектар жерді алып жатқан бұл нысанның 70-ке жуық бөлмесі, 15 колонна галереясы, кіреберіс қақпалары, ортада жарты гектар ашық алаңы болған.



4. «ЖАРКЕНТ МЕШІТІ»

Бұл сәулет-көркемөнер музейі – Жетісудың жауһары, сәулет өнерінің тағы бір керемет туындысы. Шегесіз салынған бұл әйгілі мешіт 1887–1892 жылдар аралығында бой көтерген.

Құрылыс жұмыстары Бейжіңнен шақырылған қытай маманы, инженер Хон Пиктің басшылығымен жүргізілген.

Кешеннің жалпы жобасына бас қақпа, кіші мешіт, медресе, үлкен жұма мешіті, күйдірілген көк кірпіштен қаланған дуал қоршау енеді.



5. АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ

Айша бибі кесенесі – XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті туындысы.

Ойып жасалған өрнектердің көркемдігі мен сан түрлілігі жағынан басқа мемориалдық-дәстүрлі ескерткіштер ішінде оған тең келетіні жоқ.

Кесене туристерді тек ерекше сәулетімен ғана емес, сонымен қатар Айша бибі мен батыр Қарахан арасындағы шексіз махаббат хикаясымен де қызықтырады.



P.S. Қазақстанда 25 000-нан аса тарихи-мәдени мұра ескерткіші бар. Оның ішінде 10-ы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген. 12 463-і республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш мәртебесіне ие. Мәдениет және спорт министрлігі алдағы уақытта тағы 6 тарихи ескерткішті ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне қосуды көздеп отыр.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



● ПРЕЗИДЕНТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛ БІРЛІГІ – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен
құттықтады

«Қадірлі отандастар! Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – тұрақтылық пен тыныштықты, татулық пен келісімді дәріптейтін мейрам.

Ел бірлігі – біздің баға жетпес байлығымыз, мемлекеттілігіміздің берік негізі. Қазақ жері сан алуан этнос өкілдерінің құтты мекеніне айналған. Барлық азаматтарымыз өткен тарихы, бүгінгі мен болашағы бір екенін терең ұғынады. Өйткені, жұртымыздың құндылықтары да, арман-мұраттары да ортақ. Түптеп келгенде, бәріміз – үлкен қара шаңырақтың, біртұтас қазақ ұл-

тының перзенттеріміз. Еліміздің өсіп-өркендеуі қолға алған реформалардың тиімді жүзеге асырылуына байланысты. Біз осы іргелі мақсаттарға мызғымас бірліктің арқасында ғана қол жеткіземіз.

Халқымыз «Ырыс алды – ынтымақ» дейді. Бабаларымыздың бұл өсиеті – Әділетті Қазақстандағы басты ұстанымның бірі. Біз татулық, теңдік және әділдік қағидаларына негізделген қоғам құрамыз. Бірлігі жарасқан жұртымыздың абыройы асқақ болсын! Баршаңызға бақ-береке және толағай табыс тілеймін! Мереке құтты болсын, ағайын!», – делінген Президент құттықтауында.

● ФЕСТИВАЛЬ

28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағында қалалық Жастар саясаты басқармасының қолдауымен Алматы қаласының Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры «JAS FEST-2023» қалалық фестивалін ұйымдастырды.



«JAS FEST-2023» жаңа мүмкіндіктер алаңы

Досбол
АТАЖАН

Фестиваль аясында демалыс орталықтарының қызметін насихаттау, 100 демалыс орталықтарының қызметін, үйірмелері мен секцияларын таныстыру, жасөспірімдер мен жастарды бос уақытты тиімді өткізуге тарту сияқты жұмыстарға айырықша маңыз берілді.

«Алматы қаласының 8 аудан-

нында 100-ге жуық демалыс орталықтары бар. Бұл орталықтар жастар үшін де, қарттар үшін де қолжетімді. Онда әртүрлі үйірмелер бар, қатысу тегін. Осы жәрмеңкеде демалыс орталықтары өздерін тұрғындарға таныстырып, ниет білдірген адамдарды жазып алып жатыр. Сондай-ақ, үйірме өкілдері өз өнерлерін көрсетіп, адамдардың көңіл күйін көтерді. Барлығы мыңнан астам адам келді», – деді шараны ұйымдастырушысы Шолпан Жабайқызы.

● ЖӘРМЕҢКЕ

ДОСТЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН!

Алматыда Қазақстан халқының бірлігі күніне
арналған қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Аманат партиясы Алматы қалалық филиалының ұйымдастыруымен өткен іс-шараға Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, партия мүшелері, Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктері, «Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері, сондай-ақ қала тұрғындары қатысты.

Әлем елдерінің асханаларынан аспаздық тағамдар ұсынған жәрмеңкеде мереке қонақтары тіл үйіретін түрлі тағамдардан дәм татып, олардың шығу тарихын

біліп, әр халықтың мәдениеті мен дәстүрімен танысты.

Іс-шара барысында қазақ, орыс, өзбек, армян, ұйғыр, күрд ұлттарының ансамбльдері қатысқан ойын-сауық концерттік шоу-бағдарлама ұйымдастырылды. Көрермендер де дөңгелене би билеп, құйқылжыта ән салды. Өнерпаздардың орындауында этникалық әуендерді тамашалады. Жәрмеңкеге келген үлкен де, кіші де түрлі халықтардың спорттық жарыстарына қатысып, бақтарын сынады. Өз кезегінде ұйымдастырушылар жеңімпаздарға символдық сыйлықтар табыстады.

Аманат партиясы іс-шараның экологиялық тазалығына да ерек-

ше мән берді. Аумақта қалдықтарды бөлек жинауға арналған арнайы экоконтейнерлер орнатылып, оған жәрмеңкенің барлық қонақтары қоқысты арнайы ыдыстарға тастап, қала экологиясына үлес қосты.

Ұйымдастырушылар, іс-шара соңында жәрмеңкедегі сатылымнан түскен қаражаттың барлығы мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдаумен айналысатын «Тағдыр» мүгедек балалардың отбасылық клубына жіберілетінін айтты. Осылайша Аманат партиясының Алматы қалалық филиалы айтулы мерекені еліміздің барлық ұлттарын біріктірудің тағы бір қадамы екенін атап өтті және әрбір қонаққа өзін Қазақстан халқының үлкен және тату отбасының бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік берді.

● МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

ЕРЕКШЕ БАЛАҒА – ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Қазақстан халқының бірлігі күнінде «Сенім» орталығының қамқорлығындағы ерекше балаларға арнап мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде орталықта барлығы 112 «ерекше» бала тұрады. Олардың қатарында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 46 бала бар.

«Өзара қолдау арқылы біз барлық қиындықтарды жеңеміз. Сондықтан бұл мереке біздің халқымыз үшін ерекше. Орталықтар қызметінің негізгі миссиясы адамдарды біріктіру және олардың әлеуметтік бейімделуіне көмектесу екенін атап өткім келеді. Бұл жерде біз достар табамыз. Өйткені, тек бірлік бізге өмір жолындағы барлық қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Балалар мен орталық ұжымын шын жүректен құттықтаймыз! Баршаңызға зор денсаулық, бейбітшілік пен



келісім тілейміз», – деді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева.

Естеріңізге сала кетейік, «Сенім» орталығы 3 жастан 18 жасқа дейінгі психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекеме болып табылады. Мұнда балалар стационар жағдайында тұрмыстық, медициналық және педагогикалық қызметтерден бастап мәдени-демалыс іс-шараларын, экскурсияларды, мерекелерді және т.б.

ұйымдастыруға дейінгі арнайы әлеуметтік қызметтерді алады.

Орталықта балалар жасына, физикалық жағдайына және психологиялық үйлесімділігіне қарай қалыптасады. Бүгінде мекемеде 10 топ бар. Оның ішінде 3 топ – паллиативтік топтар, қалған 6 топ 10-нан 12-ге дейін өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары бар балаларға арналған. Стандартқа сәйкес Орталықта тұрмыстық, медициналық, педагогикалық, психологиялық, мәдени, құқықтық және экономикалық секілді жеті түрлі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіледі.



БІРГЕМІЗ. БЕРІК ІРГЕМІЗ!

Мерекелі, берекелі Алматы бұл күндері ерекше ажарланып, құлшырып тұр. Оңтүстік астанамыздың Абай алаңының қақ ортасында үлкен шаңырақ орналастырылып, оны айнала қазақ еліндегі өзге этностардың әсем өрнектелген ұлттық шатырлары тігілді. Республика сарайының бір аумағында түрлі ұлттық дастархан мәзірлерінен дәмді тағамдар дайындалып, мереке меймандарына ұсынылса, екінші жақта түрлі халықтық аспаптар үні тұрғындардың көңіл күйін көтеріп, алып мегаполис аспанында әуезді әуен күн ұзаққа қалықтады.



Досбол
АТАЖАН

Салтанатты іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты. Мерекелік концерт «Жасstars» тобының және «Салтанат» би ансамблінің орындауындағы «Қазақстан – достық бесігі» вокалдық-би композициясымен ашылды. Қала халқы мен қонақтары алдында Ерболат Құдайбергенов, Рүстем Нұржігіт, Данияр Өтеген, Мәди Рымбаев, Дильназ және Дильшат Ахмадиевтер, Төреғали Төреәлі, Дидар Каден, Aldaspan топтары өнер көрсетті.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МЕГАПОЛИСТЕГІ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

Алматыда Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік іс-шаралар өтті

Алматы – ШЫҰ-ның 2023-2024 жылдардағы мәдени және туристік астанасы. Осыған орай, Бірлік күні қала Татарстан, Өзбекстан және Белоруссиядан келген қонақтарды да қарсы алды. Концертке халықаралық байқаулардың лауреаты Зарина Хасаншина, Өзбекстанның, Қарақалпақстанның, Башқұртстанның халық әртісі Жеңісбек Пиязов және Беларусь Республикасының еңбек сіңірген артисі Жанет Бутерус қатысты.

«Біз алаңға Алматының барлық тұрғындары мен қонақтарымен бірге осы тамаша мереке – Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өту үшін келдік. Біз корей этносның өкілдері және 31 жылдық тарихы бар «Отан» хорының қатысушыларымыз. Мен үшін бұл ең құнды мереке. Бұл күн – көктем, еңбек, бейбітшілік және достық мерекесі. Мен Қазақстанды өте жақсы көремін, мен осында дүние есігін аштым.

Барлық қазақстандықтарды осы мерекемен құттықтап, баршаңызға бейбітшілік пен береке тілеймін», – деді Алматыдағы Корей орталығының өкілі Алевтина Цой.

Сондай-ақ, мерекелік іс-шара аясында Абай алаңында Қазақстан халықтарының тағамдары фестивалі өтті. Онда 15 мейрамхана қазақ, корей, грузин, орыс, ұйғыр және үнді ұлттық тағамдарын ұсынды.

Бұдан бөлек, мерекелік іс-шаралар қаланың барлық 8 ауданында және Ғылым академиясы ғимаратының алдындағы Ш.Уәлиханов атындағы скверде ұйымдастырылды. Концерттік бағдарлама аясында «Алматы әуендері» әртістері және «Алатау» дәстүрлі өнер театрының, Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, басқа да танымал музыкалық топтар өнер көрсетті.

«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

«КӨКТЕМ КӨРКІ – ҚЫЗҒАЛДАҚ» фестивалі Алматы тұрғындарына қуаныш сыйлады



Еліміздің жабайы қызғалдақтың отаны атануы тегін емес. Өйткені, кең байтақ даламызда көздің жауын алар қызғалдақтың жүздеген түрі өседі. Тіпті, гүл өсірумен даңқы шыққан Голландияның өзі біздің елді қызғалдақтың отаны деп құрмет тұтады. «Қазақстан» деп аталатын қызғалдақтың сортын ойлап табуы осы сөзімізге дәлел болса керек. Оқушылар сарайының «Экология және биология» орталығы жыл сайын «Көктемнің көркі – қызғалдақ» деп аталатын фестиваль өткізіп, Алматы тұрғындарына қуаныш сыйлайды. Биыл да «жасыл қалашық» ауласы қала тұрғындары мен қонақтарына лық толып, табиғат мерекесін атап өтті. Қызғалдақ мерекесіне қала әкімі қолдау көрсетіп, Білім басқармасы ұйымдастырды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Дәл осы күнгі мерекені тамашалауға келген тұрғындар даламызда ғана емес, қаламызда да қызғалдақтың бірнеше түрінің өсетінін көріп, шығу тарихымен танысты. Кең аула төріне қызғалдақтың түрлері бейнеленген суреттер, гүлдердің тарихы көрсетілген. Қызғалдақ алаңынан орын алған балғын бояу шеберлері де өсіп тұрған «дала мерекесінің» табиғи қалпын бейнелеуге тырысып жатыр. Енді бір тұста қала мектептері оқушыларының қатысуымен жас флористердің «Көктем гүл-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан ЖАҚАНҰЛЫ,
«Экология және биология»
орталығының директоры:

– Біздің елімізде ширек ғасыр бойы жабайы қызғалдақтың түрлері зерттеліп келеді. Ғалымдардың зерттеулерінде жабайы қызғалдақтар біздің елімізде IV–VI ғасырлардан бері өсетіні айтылған. Алматы Оқушылар сарайының «Экология және биология» орталығы да осынау «дала еркесі» атанған гүл түрін зерттеуді жалғастырып отыр. Қазір біздің орталықта қызғалдақтың отызға жуық түрі өседі. Сонымен қатар, әртүрлі сирен гүлінің жүз түбі бар. Жабайы қызғалдақтың түрлері мен шығу тарихын ұзақ жылдар бойы еліміздің биолог-ғалымдары зерттеп, Анна Иващенко деген ғалым оның Отаны Қазақстан екенін дәлелдеп берді. Белгілі ғалым біздің елімізде қызғалдақтың екі жүз елуден астам түрі өсетінін зерттеген екен. Сондықтан қызғалдақтың соңғы табылған түріне ғалымның есімі берілді.

дерінің себеті» атты байқауы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, бұл күні кішкентай арулар түрлі бұйымдардан тігіліп, дала гүлдерімен көмкерілген костюмдер шеруіне қатысты. Табиғи қалдықтардан қызғалдақ бейнесінде тігілген киімдер көздің жауын алады. Барлық қонақтарға «Экология және биология» бөлімінің педагогтары «Мың бір қызғалдақ» атты шеберлік сыныбын өткізсе, кішкентай тұрғындар асфальтқа түрлі гүлдерді бейнелеп, сурет байқауына қатысты. Қызғалдақ фестиваліне арнайы шақырылған ақындар «Поэзия алаңын» жыр кешіне айналдырып, «Гүл-ғұмыр» атты мүшәйра өткізді.



ДҮЙСЕНБІ
8 МАМЫР

Almaty TV АЛМАТЫ

6:00 Әсем әуен
7:00 Концерт
8:00 Мультфильмы
9:30 Детский киноclub.
11:00 Отандық кино.
13:00 Концерт.
14:45 Д/Ф. Атамыздың ғасыры
15:00 Женский киноclub.
19:00 Әзіл әлемі
22:00 Мужское кино.
1:30 Д/ф. Бегельдинов.
2:10 Д/ф. Отан үшін отқа түскендер
2:35 Алматинские истории
3:00 Алматинские каникулы
3:15 Алматы кеші
4:00 Әсем әуен, патриот
4:40 Алматы кеші
5:55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00 Өнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-керуен»
7:00 «Күлтегің». Мультфильм
8:00 «Өзекті». Арнайы жоба
8:30 «Жігіттер» тобының концерті
10:00 «Махаббат тұтқыны». Телехикая. (Түркия, 2018-2019 ж.ж.)
12:00 «МузАрт» ансамблінің концерті
14:20 «МӘНШҮК. ӘКЕГЕ АРАША ТҮСКЕН ҚЫЗ». Деректі фильм
14:55 БОКС. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. (Ерлер) Тікелей трансляция. (Ташкент)
18:00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ». Телехикая. (Түркия, 2018-2019 ж.ж.)
19:00 ТҰСАУКЕСЕР! «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)
20:00 «Aqorda»
20:10 ЖІГЕР АУЫПБАЕВТЫҢ КОНЦЕРТІ
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.ж.)
23:30 «Анаға апарар жол». Көркем фильм.
1:45 «Әйел әлемі»
2:20 «Өзекті». Арнайы жоба
2:50 «Күй-керуен»
3:20 «Жәдігер»
3:40 Өнұран

ХАБАР

05:00 ҚР Өнұраны
05:00 Мегахит. «Интернэшнл»
07:00 Тікелей эфирде «Оян!»
10:00 Телесериал. «Маншук»
12:00 Кино. «Анаға апарар жол»
14:00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15:00 Тайны. Судьбы. Имена. «Бауыржан Момышулы»
16:00 Телесериал. «Магомаев»
18:00 Деректі фильм. «Үзілген моншақ» Мәншүк Мәметова
18:45 Концерт. «Шәмші әндері»
20:45 Концерт. «Қазақ Өнер

университетінің 25 жылдық мерейтойы»
Айман Мұсаходжаева
«Ұйқым келмейді»
Тікелей эфир!
«StartUp KZ»
01:00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05:58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
07:00 «Күліп ALL»
08:00 Мультсериал «Маша и медведь»
09:00 КИНО. Митхун Чакраборти в драме «Танцуй, танцуй» (повтор)
12:30 КИНО. Джет Ли в боевике «Поцелуй дракона» (повтор)
14:40 КИНО. Джереми Реннер в триллере «Охотники на ведьм» (повтор)
16:40 Анимационный фильм «Три богатыря: На дальних берегах»
18:20 Анимационный фильм «Холодное сердце»
12:30 Концерт
15:00 Женский кино клуб.
19:00 Үздік әзілдер
22:00 Мужское кино.
1:00 Мужское кино.
3:00 Алматинские истории
3:25 Алматинские каникулы
3:35 Алматы кеші
4:20 Әсем әуен
4:40 Алматы кеші
5:55 ҚР Ұнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00 Ұнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 AQPAPAT
7:00 «Күміс көмей»
7:35 «Көңіл толқыны»
8:20 «AQSAҮҮТ»
8:45 «Тұлға». Деректі фильм
9:25 «Білім бәйгесі»
10:00 «Махаббат тұтқыны». Телехикая. (Түркия, 2018-2019 ж.ж.)
11:00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)
12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»
13:50 Дисней ұсынады: «Малефисента: түнек әміршісі». Көркем фильм
15:35 «ГАУҒАРТАС». Мәдени-танымдық бағдарлама
17:15 «Көңіл толқыны»
18:00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ». Телехикая. (Түркия, 2018-2019 ж.ж.)
19:00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)
20:00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20:50 Ақбота Керімбекованың концерті
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.ж.) (с субтитрами)
23:30 «Көңіл толқыны»
0:40 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
1:30 «Aqsaуut»
1:50 «Күміс көмей»
2:35 «Жәдігер»
3:00 Ұнұран

ХАБАР

05:00 ҚР Ұнұраны
05:00 «Жұлдызды жекпе-жек»
06:15 Концерт. «Елге сәлем»
07:00 Кәсіпқой бокс. «Жәнібек Әлімханұлы – Стивен Батлер»
11:00 «Әсем әндер»
12:00 Мультфильм. «Тролль: история с хвостом»
13:30 «Балақай»
14:15 «Әрекет»
14:45 «Жайдарман»
15:45 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
17:30 «Маска»
19:30 «Маңдай тер»
21:00 Информационный канал - аналитическая программа «7 күн»
21:40 «Отдел журналистских расследований»
22:15 «Киноман»
22:45 Мегахит. «Голодный кролик атакует»
01:00 ҚР Ұнұраны

31-КАНАЛ

05:58 ҚР ҰНҰРАНЫ
06:00 Әзіл студия
07:00 What's up?

08:00 Тамаша live
09:00 «TeleBingo» прямой эфир
09:25 Готовим с Адель
10:00 КИНО. Джитендра в драме «Родной ребенок» (повтор)
13:20 Анимационный фильм «Ральф» (повтор)
15:30 КИНО. Хью Джекман в фантастическом боевике «Живая сталь» (повтор)
18:20 КИНО. Роберт Дауни мл. фантастическом боевике «Железный человек» (повтор)
21:00 КИНО. Роберт Дауни мл. фантастическом боевике «Железный человек 2»
23:40 «Алдараспан»
01:40 Тамаша live
02:20 Әзіл студия
03:00 1001 Әзіл
03:30 Ризамын
04:00 «31 әзіл»
05:30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:35 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:40 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
8:50 «ПРОУЮТ»
9:45 Софья Ардова, Галина Сазонова в многосерийном фильме «ЖЕНСКАЯ ВЕРСИЯ»
11:50 «ҚАЙМАҚ»
12:20 Игорь Петренко, Эльвира Болгова в многосерийном фильме «ПАПА НАПРОКАТ»
16:10 Премьера. КОНЦЕРТ К 85-ЛЕТИЮ ИОСИФА КОБЗОНА
18:00 Премьера. Фильм «1941. КРЫЛЬЯ НАД БЕРЛИНОМ»
20:00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21:00 Алексей Фатеев, Анна Миклош, Денис Матросов, Сергей Астахов в многосерийном фильме «СЧАСТЛИВЫЙ БИЛЕТ»
1:25 Премьера. Фильм Валерия Тодоровского «ГИПНОЗ»
3:10 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:45 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 4:30

7-КАНАЛ

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:40 Jaidarman
07:30 Әзіл time
08:30 Т/п «Құтты қоңақ»
09:00 Т/п «Измайловский парк»
11:30 Шоу «Маска»
15:00 «Қызықты weekend»
16:00 Әзіл time
16:50 X/c «Озноб»
21:00 X/c «Сфинксы северных ворот»
00:50 Т/п «Құтты қоңақ»
01:20 Jaidarman
02:00 Т/п «Келесі кім?»
03:00 Т/х «Япырай»
03:30 Т/п «Жеңіп көр»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07:00 ҚР ҰНҰРАНЫ
07:05 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
07:50 «АЛДАРАСПАН»
09:50 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа

11.00 «ВАША ТЁТЯ ЛЮСИ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.40 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
19.00 ҒАЗИЗХАН ШЕКЕРБЕКОВТЫҢ ӘН КЕШІ
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «КУРЬЕР ИЗ РАЯ», мелодрама (худ.фильм)
23.40 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа (повтор)
01.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР», телехикая (қайталау)
03.00-
04.30 ҒАЗИЗХАН ШЕКЕРБЕКОВТЫҢ ӘН КЕШІ (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07:00 Ұнұран
07:05 ХОККЕЙ. Әлем Чемпионаты. Норвегия – Қазақстан
09:45 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
10:20 ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ГИМНАСТИКА. Кубок Мира
12:35 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының журналы
13:30 ДЗЮДО. Әлем Чемпионаты. Командалық жарыс. Тікелей эфир
17:55 БОКС. Әлем Чемпионаты. Ерлер. Финал. (48, 54, 60, 67, 75, 86, 92+ кг)
20:45 «THE RING». 6-бағдарлама. (Бекман Сойлыбаев)
21:00 ДЗЮДО. Әлем Чемпионаты. Командалық жарыс. Тікелей эфир
23:30 ФУТБОЛ. Программа «Тур по туру». Прямой эфир
00:10 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының журналы
01:05 Ұнұран

balapan BALAPAN

7:00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Ұнұраны
7:05 Анимация: отандық / «Ойыншықтар»
7:40 Анимация: отандық / «Су астындағы оқиға»
8:00 Анимация: отандық / «Дала ойындары»
8:25 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
8:50 «Көк орманның еркелері»

Мультхикая.
9:15 «Super отбасы» оотбасылық бағдарлама
9:40 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
10:05 Анимация: отандық / «Бұзығым»
10:20 «Саммер мен Тодд, Көңілді фермерлер» Мультхикая.
10:45 Анимация: отандық / «Балапан түлек»
10:55 Анимация: отандық / «Тынымсыз шөжелер»
11:05 «Табиғат сақшылары» ситком
11:30 Анимация: отандық / «Қызыл мен Күлгін»
11:40 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
12:10 Анимация: отандық / «Сақалар»
12:35 Анимация: отандық / «Білгішбектер»
12:50 «Көке» ситком.
13:05 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
13:25 Анимация: отандық / «Ырысты ыдыстар»
13:45 Анимация: отандық / «Дала ойындары»
14:10 Анимация: отандық / «Балапан түлек»
14:25 Анимация: отандық / «Шахмат патшалығы»
14:40 «Дарын мен Айзере» ситком.
15:00 Анимация: отандық / «Су астындағы оқиға»
15:20 Анимация: отандық / «Жұлдыздар әлемі»
15:35 Анимация: отандық / «Тоқты мен Серке»
15:50 Анимация: отандық / «Маржан тіс»
16:10 Анимация: отандық / «Ырысты ыдыстар»
16:25 «Әтеш Брустер» Мультхикая.
16:50 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
17:05 Анимация: отандық / «Бұзығым»
17:20 Анимация: отандық / «Сақалар»
17:40 Анимация: отандық / «Суперкөлік Самұрық»
18:10 «Көке» ситком.
18:25 Анимация: отандық / «Білгішбектер»
18:40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.
19:05 «Табиғат сақшылары» ситком
19:30 Анимация: отандық / «Жұлдыздар әлемі»
19:45 Анимация: отандық / «Шахмат патшалығы»
20:00 Анимация: отандық / «Дала ойындары»
20:25 «Super отбасы» оотбасылық бағдарлама
20:50 Анимация: отандық / «Ер Тарғын»
21:15 «Дарын мен Айзере» ситком
21:30 «Көңілді құндыз» Мультхикая.

22:00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22:15 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
22:35 Анимация: отандық / «Маржан тіс»
23:00 Анимация: отандық / «Тоқты мен Серке»
23:20 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
23:55 «Бесік жыры» Ұнұран
0:00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06:00 «Кішкентай келін» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Лестница в небеса» телесериал
12:20 «Осман» түрік телехикаясы
13:20 «Алдараспан»
17:10 «Я-Пышка» Худ.фильм
19:00 «Бизнес по-казахски в Америке» Худ.фильм
21:00 «Осман» түрік телехикаясы
21:55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00:00 «1bol»
00:30 «Ащы шындық» тележоба

TALIM TV TALIM TV

07:00 Views
08:10 Руханият
09:00 Айтыс. Алтын қор
09:30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09:55 Сау болайық
10:10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10:30 Бабалар сөзі – өсиет
11:00 Кестелі орамал
12:00 Ұлт саулығы
12:20 ТамашаLike
13:24 Dental planet
13:30 Автопортрет
14:20 Өнер қырандары
14:50 Ұлт саулығы
15:00 Шабдалы – көркем фильм
17:00 Сау болайық
17:20 Бір дубль
18:30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18:50 Сау болайық
19:00 Балалық шаққа саяхат
19:35 Бақытты отбасы
19:50 Ұлт саулығы
20:00 Talim Speakers
20:40 Сырласайық
20:54 Dental planet
21:15 Ұлт саулығы
21:30 Ғибратты ғұмырлар
22:05 Шымкентский вариант – таласфильм
22:35 Пруст сауалнамасы
22:55 Views



«ГАУҒАРТАС»
мәдени-танымдық
бағдарлама
«QAZAQSTAN»
САФАТ 15.35-де.



ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН!

ПАУЛЮСТІ ТАЛҚАНДАҒАН ҚАЗАҚ

биыл, 9 мамыр күні қарт майдангер
100 жасқа толады



Біздің кейіпкеріміз – Сәрсенбек Байжанов 1942 жылдың 8 наурызында жасы 19-20 шамасында отыз жігіттің қатарында соғысқа аттанады. Үш айдай Алматы қаласында ұрыс тактикасына машықтанғаннан кейін ең сұрапыл соғыс жүріп жатқан Сталинград шайқасына жіберіледі...

Байжановтың осы жерде өжеттілігін айта кетудің орайы келіп тұр. Алматы қаласындағы дайындықтан соң Ант қабылдау рәсімі жүргізіледі. Байжанов әскери антты өз ана тілінде қабылдайтынын айтып, қасарысып тұрып алады. Сондағы уәжі – *«Мен Отан-анамды қорғауға аттанып барамын. Елге ант, өзіме серт бергені тұрмын. Сондықтан қасиетті сөздерді ана тілімде айтсам деймін. Сол менің жүрегімді тербейді, намысымды жаниды»*, – дейді.

Мұндай тосын мінез бен батыл ұсынысты бұрын-соңды естімеген офицерлер алғашында қарсылық танытқанымен, ойлана келе жауынгер талабымен келіседі. Осылайша Байжанов жүздеген қазақ жігітінің ішінде бір өзі әскери антты қазақ тілінде қабылдайды.

Сталинград: «Шенбер» операциясы

Кеңес әскерлерінің Сталинград түбіндегі қарсы шабуылы 19 қарашада басталды. Ол үш операциямен іске асырылды: «Уран» – Сталинградтағы неміс әскерлерін қоршап алу; «Кіші Сатурн» – Сталинградта қоршауға түскен неміс әскерлеріне батыстан және оңтүстіктен келетін көмектің жолын кесіп тастау; «Шенбер» – фельдмаршал Паулюстің армиясын талқандап, өзін қолға түсіру.

Сталинградта айбынды жауынгерлер 140 күн жаумен бетпе-бет айқасты. 330 мың неміс әскері мен офицері, 24 генерал қолға түсті, сөйтіп жау ең негізгі күшінен айырылды. Нәтижесінде 22-фашист дивизиясы қоршауға алынып, генерал-фельдмаршал Паулюс басқарған 6-неміс армиясы тізе бүкті.

Сталинградта қоршауға түскен фельд-

маршал Паулюстің армиясын талқандауды міндетіне алған «Шенбер» операциясының жанкешті әрекеті нәтижесінде 1943 жылы 2 ақпанда генерал-фельдмаршал Паулюс қалған әскерімен тұтқынға алынды. Сталинград шайқасы Екінші дүниежүзілік соғыстың барысындағы түпкілікті бетбұрыстың басталуына негіз жасады.

«...Сталинградқа жорық қайғылы қателік болды. Енді ешқашан соғыс өрті неміс жерінен тұтанбауы тиіс. Бұл менің жасаған жауыздығым үшін кеңес халқы алдында тәубеге келгенім болсын... Мен Ресейге оған дұшпан болып келген едім, досы болып қалдырып барамын», – деп жазыпты өзінің естелігінде фельдмаршал Фридрих Паулюс. Бұл сөздері оның саяси өсиеті ретінде тарихта қалды.

Атақты фельдмаршалды тәубасына келтірген осы шайқасқа қарапайым қазақ жауынгері, менің ұстазым Сәрсенбек Байжанов та қатысқан еді...

«Қызыл жұлдыз», «Бірінші дәрежелі Отан соғысы», т.б. ондаған әскери ордендер мен медальдың иегері, ұстаз жауынгер Сталинград шайқасынан алған ауыр жарақаттан кейін майданнан елге оралып, алдымен шаруашылықта есепші, кейін мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет етті. Қызметтен қол үзбей жүріп, жоғары білім алды. Жарты ғасыр ғұмырын жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне арнады. Ұлағатты ұстаздың алдынан жүздеген шәкірт сапалы білім, саналы тәрбие алып шықты. Мен солардың бірімін...

Әрбір қиянатты істің қайтарымы болады

Біз бірінші сыныптың табалдырығын атаған 1956 жылғы ұстазымыз 33 жастағы дүр жігіт екен. Неміс-фашист басқыншыларымен болған алапат соғысты басынан өткеріп, елге оралғасын шаруашылықтың қара жұмысын атқарып, майданнан ере келген ауыр дене жарақаттары асқына бастағасын есеп-қисап саласында еңбектеніп, біраз өмір теңгерінін тартқандықтан ба, егде кісідей болып көрінетін.

Әрі әнші, әрі домбырашы, қысқасы өнерпаз жігіт өзіне қолайлы болғасын педагогикалық училищені тандап, бітіргесін бірыңғай ұстаздық мамандыққа бет бұрыпты. Алтын ұя мектебіміздегі алғашқы көрген, танысқан, Әліппені үйреткен ұстазымыз осы кісі – Сәрсенбек Байжанов еді.

Арада 60 жылдан астам уақыт өтсе де, ағайдың сырлы да сынды сөздері әлі жадымда. Барынша әділ, таза, жинақы болатын. Бала болғасын тентектік жасамай тұрмайды ғой, алдымен кінәліні анықтап, кінәсін мойнына қойып, екі оқушыны татуластыратын. Кейде оған көнбей, жылап тұрып алатын кекшіл оқушы да кездесетін. Ондайда ерінбей екі оқушыны сыртқа алып шығып, екі жерге тұрғызып, жәбірленушінің қолына ұрған затты (өзінің айтуы бойынша) ұстатып, «ал енді ұр!» дейтін. Ол ұрады. Тисе тиді, тимесе екінші мәрте ұрғызбайтын. «Ол сені бір рет ұрды, тигізе алмаған өзіңнен көр» дейтін. Мұнан кейін балалар әрбір қиянатты істің қайтарымы болатынын ұғынып, «анау ұрды», «мынау ұрды» дегенді азайтты.

5-6-сынып оқып жүргеннен бастап колхоздың егініне көмектесетін болдық. Колхоз тележка жеккен «Беларусь» тракторын бөлген. Ағайымыз бізді алып барады, алып келеді. Жол-жөнекей әңгімесін айтып, бізді сақтандырып, әрі көңілдендіріп отырады. Көбінесе өлеңдетіп сөйлейтін. Тележканың үсті қайбір жайлы дейсің. Қауы да темір, едені де темір. Жол болса тегіс емес, атыз-арықтың басы. Бүгінгідей асфальт қайдан болсын, тіпті тас та төселмеген. Темір еденге бәріміз малдас құрып отырамыз. Ағай трактордың кабинасына емес, әдейі тележкаға мініді. Бізді байқап-бақылап отыру үшін, әрине. Отыра-отыра аяқ ауырғасын бой жазғын келеді. Оған ағайдан рұқсат жоқ. Соның өзінде орнынан тұрып кететін оқушылар бар. Омаров Тұрсынбай деген оқушы (қазір арамызда жоқ, Алла алдынан жарыққасын) солай жасады. Оны байқап қалған ағай:

«Әй, оқушы Омаров,

Отыр орнында омалып.

Қисаңдағанда тележка,

Кетерсің бір жаққа жоғалып», – деп дауыстады. Бәріміз рахаттана шуылдап күлдік, бірақ тыныш отыруға тырыстық.

Колхоздың жүгерілігіндеміз. Өзімізден биік жүгерінің собығын қайырып, паясын баулап жүрміз. Қауырт та қарбалас еңбек. Ағай қасымызда, бізді одан сайын еңбек көрігін қыздыруға шақырып тұр:

«Заулаңдар, балалар, заулаңдар,

Собығын қайырып, паясын баулаңдар.

Алдымен тірлікті тәмамдап,



Ақшасын бухгалтериядан даулаңдар!», – дейді дауыстап. Осыдан кейін қалай зауламайсың. Шама-шарқымызша тірлік жасап, кешке үйімізге қайтамыз. Шаршамайтынбыз...

Соғыс ардагері қолы қалт етсе естелік жазады екен. Майданнан өлеңмен жазған хаттары да сақтаулы. Ой-толғаулары да аз емес.

МАЙДАНГЕР ЕСТЕЛІГІНЕН

Жаралы адамға су ішуге болмайды

«Мен мейірімділік деп біреудің бұйрығымен, яки еңбекақыға қызығып немесе мақтан үшін емес, өзінің адал ниетімен жеке адамдар мен қоғамдық игіліктерге шын жанашырлықпен қарауды, сол үшін еңбектенуді айтар едім.

Мен 1942 жылы 5 қыркүйекте көзімнен, қолымнан, аяғымнан жарақат алып, санинструкторға жараларымды байлатып, соғыс даласында минаның жарықшағынан жарақат алғандығым туралы құжат алып, енді санбатты іздеп кейін қарай қайтып келе жаттым. Жарты шақырымдай жүргеннен кейін алдымда кетіп бара жатқан бір жаралы солдатты қуып жеттім. Абайлап қарасам, өзіміздің 5-ші ротаның сержанты Скрыльников екен. Менің командирім. Автоматтың оғы көкірегінен тиіп, арқасынан шығып кетіпті. Сонда да аяғы сау ғой, жақсы жүріп келе жатты. Алматылық жігіт болатын. Қазақ тілін тәп-тәуір білетін. Екеуіміз санбатты іздеп бірге келе жаттық. Бір кезде ол маған: «Жолдас Байжанов, мен жүруге жарамай келе жатырмын», – деді. Мен оған: «Менің жарақатым үш жерден. Сенікінен де ауыр ғой. Сонда да шамаң жүруге келмей бара жатса, маған сүйеніп, салмағыңды маған сала жүріп көр. Санбатқа жетсек демалармыз», – дедім. Маған сүйеніп бір шақырымдай жер жүрді. Сосын: «Мен жүруге жарамадым. Мен қалайын, өзін жүре бер», – деді. «Жолдас командир, мен сені көзің тірі тұрғанда қалай тастап кетемін, енді санбат алыс емес шығар. Менің арқама мін. Екі аяғыңмен белімнен қысып отыр. Екі қолыңмен менің жарақатыма тиіп кетпей мойнымнан құшақта. Сөйтіп жүріп көрейік», – дедім. Ол сөзіме көніп, арқама мініп, иығымнан, мойнымнан құшақтап отырды. Сонымен Скрыльниковты арқалап кішкентай өзенге келіп жеттім. Өзеннің ағысына қарсы кешіп жүріп келемін. Өзеннің тереңдігі тізеге жете қоймайтын. Ол маған қайта-қайта «су ішкіз» деп өтініп келеді. Мен оған «Өзім тірі тұрғанда өз қолымнан саған су әпермеймін, су ішсең өліп қаласың. Мен сені өлтіргелі арқалап келе жатқан жоқпын» деймін. Өзеннің ішінен басқа жүретін жол жоқ. Өзеннің екі жағы қалың жыныс орман. Өзеннің ішімен ағысқа қарсы, ішіндегі доңғалақ тастарға сүріне-қабына тағы жарты шақырымдай жол жүрдім. Аңадай жерде өзеннен шығып жүретін жол көрінді. Сол жолға шығуға жақындағанда аяғымның астындағы тас домалап кетіп, су жағасына етбетіммен құладым. Сол кезде Скрыльников басындағы қаскасымен суды алып үлгерді. Мен дереу жалма-жан қасқаны қағып жібердім, қасқа суға кетті. Скрыльниковты арқалаған бойда судан шығып, жолға түсіп жүрдім. Аңадай жерде арбасы бар екі солдат көрінді. Мына ауыр жарақатты жанды санбатқа жеткізіп салуды өтінді. Олар «біздің басқа жұмысымыз бар» деп көнбеді. Сол кезде Скрыльников «мені отырғыз, жағдайым болмай барады», – деді. Сәл демалғаннан кейін, «ал, жүрейік, арқама мін» дедім. Ол: «Байжанов, енді мен арқалауға жарамаймын. Сенімен осы жерде қоштасайын. Саған өте ризамын, өзімнің орыс бауырларыңнан көрмеген жақсылықты сенен көрдім. Қазақстанға, Алматыға менен сәлем айт. Екеуіміз де қазақстандық, жерлес едік. Еңбегіңе көп-көп рахмет!» деп қазақ тілінде айтты.

Содан көп ұзамай бірте-бірте сөзі нашарлай бастады. Құлағына екі-үш рет «Скрыльников!», «Скрыльников!» деп айқайлады. Жауап қатпады. Жүрек соғуын тыңдадым. Жүрегі соқпай қалды. Өзімнің туған бауырым өлгендей көзімнен жас төгіліп қасында тұрдым. Аңадай жердегі арбалы екі жігіт қасыма келіп: «енді жүре беріңіз, қалған жұмысты біз атқарамыз» деп Скрыльниковтың қалтасынан адресін іздеп жатты. Шамамы, ол арбалы жігіттер осындай өліктерден жолды тазартып жүргендер екен-ау?! Скрыльниковты тірі қалдыру үшін біраз еңбектендім. Амал не, өзінің сабырсыздығынан су ішіп қойып, ажалын жақындатты. Қазақта жаралы адамға су ішуге болмайды деген түсінік бар. Мейірімділік пен жанашырлық нәтижесі ғой мұным деп ойлаймын...» деп аяқталыпты естелік.

Ағайдың жады әлі мықты. Қан майданның тақсыретін әбден тартқандықтан ба, соғыс деректерін жатқа біледі. Шиелі ауданы бойынша Ұлы Отан соғысына 5909 адам аттанған, олардың елге оралғаны 1862, қаза тапқаны 2268, хабарсыз кеткені 1379 адам екен. Майдангер ұстаздың аузынан естіген бұл мәліметтің аудандық қорғаныс істері жөніндегі мемлекеттік мекеменің ақпарымен сәйкестігіне таңқалдық.

100 жасаған қарт сарбаз Сыр бойының Шиелі өңірінде, өзі туып-өскен атақты сазгер-ақын Нартай ауылында зайыбы Жәмиламен бірге өмірге әкеліп, тәрбиеленген 5 ұл, 5 қыздан немере мен шөберені былай қойғанда, ондаған шөпшек сүйіп отыр. Шиелі ауданының «Құрметті азаматы», ауылдың ақыл-кеңес беретін абыз ақсақалы. Айтпақшы, Байжанов ақсақал Шиелі ауданынан Отан соғысына аттанған 5909 адамнан жер басып жүрген жалғыз майдангер.

Сәрсенбек БЕКМУРАТУЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық
«Михаил Шолохов» медалінің иегері.



ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ

ОТАН ҚОРҒАУ

Армия қатарында қызмет ету – айрықша миссия



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысы кезінде жастарды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын бүкіл қоғам болып ойластыру керектігін айтты. «Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу айрықша миссия. Бұл Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек», – деді Президент.

Әлеуметтік көмек берілуге тиіс

Шынында да, егемендігімізді өзгеге сенбей, өзіміз қорғап тұра алсақ қана іргелі ел деңгейіне көтеріле алатынымызды түсіндіріп жатудың өзі артық. Тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін шекарамызды мызғымай күзететін, ішкі тыныштықты сақтайтын әскери қызметшілерімізге барынша жағдай жасауымыз керек-ақ.

Десек те, жасыратын несі бар, Тәуелсіздігімізді алғаш алған тұста елдің іргесінің бүтіндігі мен халқымыздың тыныштығын қорғап, күндіз-түні сапта тұруға дайын әскери қызметшілерімізге тиесілі дәрежеде әлеуметтік жеңілдіктер қарастыра алмадық. Енді Тәуелсіздік алғанмызға 30 жылдан асып барады. Қазір еліміз өңсесін көтерді, жағдай жақсарып келеді. Бұл ретте неге әскери қызметшілерге түрлі жеңілдіктер қарастырмасқа? Осындай жағдайда ғана біз олардың Отан қорғау жолындағы еңбегін бағалайтынымызды көрсетіп, жастарымыздың әскери қызметке деген ынтасын арттыра алатын боламыз.

Жеңілдіктерді қайтару қажет

Бұрындары Кеңес үкіметін қанша жаманда-сақ та, ол тұста әскери қызметкерлерге көптеген жеңілдіктер қарастырылған еді. Ол кезде әскери мамандар үйсіз-күйсіз қалып кетемін деп қорықпайтын. Қай әскери бөлімге барса да, тегін қызметтік үй берілетін. Егер зейнетке шықса, ол үй өзінің меншігі болып қалатын. Тіпті болмағанда, әскери бөлімнің маңындағы қаладан мемлекет үй алып беретін. Егер әскери қызметкер ауырып қалса, емделуі тегін, жылына бір рет санаторийлерге жіберіліп тұратын. Оларға қоғамдық көлік те тегін, тұрғын үйдің коммуналдық төлем-ақысына 50 пайыз жеңілдік қарастырылатын. Ол уақытта әскерилердің бала-шағасына дейін жағдай жасалатын. Әскери қызметкерлердің балалары ЖОО-ға түсетін кезде жеңілдіктер болушы еді. Қазір мұның бәрі бар деп айта алмаймыз. Сондықтан әскери қызметкерлерге арналған жеңілдіктерді қайтару қажет.

Жалақысын өсірген жөн

Жасыратыны жоқ, қазір сарбаздар арасында әскерден қашу, өз-өзіне қол жұмсау фактілері орын алып жатыр. Мұның бірден-бір себебі, әскери қызметкерлердің жалақысы аз, бұрынғыдай әскери мамандарға берілетін жеңілдіктер азайып кеткендіктен осындай мәселелер туындауда. Бұрын әскери қызметкер бір айлық еңбек демалысына шықса, отбасына деп 50 пайыз үстем-ақы қосып беретін. Бүгінде әскерден зейнетке шықсаңыз, үйсіз-күйсіз қалуыңыз мүмкін. Оның үстіне, қазір әскери салаға көпшілік келгісі келмейді. Неге? Себебі, біліктілігі мықты, әскери тактика-

ны жетік меңгерген қызметкерлер айлығы аз әскери бөлімдерде жұмыс істегенді қаламайды. Егер бұлай кете берсе, ертеңге күні әскерге жастарды қайтып тартпақпыз? Отанды, елді кім қорғайды? Мұның кесірінен әскери әлеуетімізді төмендетіп алуымыз ғажап емес. Мұндай жағдайда әскери салаға тәзімді, білімді азаматтар емес, тек өмірден өз орнын таппаған, таланты аз жігіттер ғана жиналады. Егер біз әскерде қызмет істейтіндерді іріктеп аламыз десек, онда әскери қызметкерлерге артықшылықтар, жеңілдіктер қарастыруымыз қажет. Сонымен бірге, олардың жалақысын өсірген жөн.

Отанды сүю туған жеріңді сүйден басталады

Қазіргі таңда әскери борышын өтейтін жастарды қалыптасқан жүйе бойынша еліміздің әр қиырына жіберіп жатады. Мүмкін әр азамат Отан алдындағы борышын тұрғылықты мекенжайы бойынша өтеуі керек шығар. Әскери борышты әркім өзінің туған жерінде, тұрғылықты жері бойынша өтеу әдісін көптеген дамыған елдер бұрыннан қолданылып келе жатыр. Тіпті, кейбір елдердің ер-азаматтары күнделікті жұмысқа барып келгендей, әскерге намертең барып, кешке қайтып-ақ әскери міндетін өтейді. Мәселен, Израиль елінде осындай жүйе қалыптасқан. Бұл – әскери қуатымен көршілес мұсылман мемлекеттерін сескендіріп отырған ел. Ал әскерінің басым бөлігі осындай жүйемен әскери борышын өтейді. Яғни тұрғылықты мекенжайы бойынша әскери міндетін өтеу жүйесі арқылы-ақ межелеген жетістігіне жетіп отыр. Біріншіден, бұл – ыңғайлы жүйе. Екіншіден, экономикалық тұрғыдан үнемді, әскери бөлімдердегі әскерилерді қамтамасыз етуге, оларды әрі-бері тасуға, жол қатынасына ақша шығын болмайды. Жас сарбаздарды батыстан – шығысқа, оңтүстіктен – солтүстікке сапырылыстыру мемлекет қоржынына үлкен салмақ түсіреді. Сондықтан тұрғылықты жері бойынша әскери қызметін өтеу әдісін жоғары дәрежеде ұйымдастырып, ал сол арқылы үнемделген ақшаны жаңа әскери техника мен құрал-жарақ сатып алуға жұмсақ, өте тиімді болар

P.S. Шыны керек, бұрын ел арасында әскери патриотизм күшті болды. Бала кезде көшеден офицер көрсек, қатты қызығатынбыз. Тіпті, сарбаз әскери борышын өтеп үйіне келсе, бүкіл ауылдың жастары соның қасынан шықпайтынбыз. Формасына қызығып, әңгімесін ұйып тыңдайтын едік. Міне, әскери адамға деген құрметті сол кезде ауылдың баласына дейін жақсы түсінді. Ал қазір жас сарбаздың әскерге қашан барып, келіп қойғанын түсінбейсің. Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысының Жарлығымен елімізде жыл сайын жасөспірімдерді әскерге шақыру науқаны жүргізіледі. Отан алдындағы парызды өтеу әрбір азаматтың борышы екенін әсте ұмытпағанымыз жөн.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арман БЕЙСЕНОВ, қала тұрғыны:

Офицерлер біліктілігін арттыру қажет

Әскердегі сарбаздардың өз-өзіне қол жұмсауға әрекет етуінің екі-ақ себебі бар. Біріншісі – әскери медициналық комиссия мамандары психикасында ауытқушылық бар азаматтарға «денсаулығы жарамды» деген анықтама бере салады да, кейін әскерге барғанда оның арты қайғылы жағдайға душар болып жатады. Яғни әскери дәрігерлік комиссия мамандары азаматтардың денсаулығын жіті қадағаламайды. Дегенмен, қазір психикасы нашар адамдарды әскерге жіберу азайып келеді. Екіншіден, әскерде әлімжеттік әбден белең алған. Әскерде келісім-шарт бойынша жұмыс істейтіндер, үйіне қайтайын деп жатқан сарбаздар әскерге жаңа келген жас азаматтарды ұрып-соғып, қокан-лоқы көрсетіп, түрлі қысым жасайды. Жас сарбаз оны офицерлерге қанша айтқанымен, бірақ олар да бұған немқұрайды қарайды. Осыдан келіп шарасыздықтан жас сарбаз өзіне қол жұмсауға мәжбүр болады. Демек, әскердегі әлімжеттікті тоқтату үшін тәрбиеші-офицерлер біліктілігін арттыру қажет.

Ерлан МАХАМБЕТҰЛЫ, заңгер:

Әскери техникаларды жаңартқан жөн

Елімізде әскери техникалар шығаратын өндіріс орындары жоқ. Кеңестік кезде Ресейді қару-жарақ, әскери техникамен қамтамасыз еткен Қазақстанда бүгінде ондай зауыттар жабылып қалды. Тоқырау кездерде оларды ұстап тұру қиынға соқты. Осының салдарынан қазір әскери техникаларды Ресейден, АҚШ-тан, Израильден сатып алуға мәжбүр болып отырмыз. Біздің жеріміздің асты байлыққа толы. Мұндай елге басқаның көз сұқпасына кім кепіл? Сондықтан мұны ретке келтіру үшін бұрынғы жабылып қалған зауыттарымызды қайтадан іске қосуымыз қажет. Сондай-ақ, әскери техника, қару-жарақты аннан да, мұннан да сатып ала бермей, нақты стратегиялық әріптес таңдап алғанымыз жөн. Егер Ресеймен жақсы болсақ, онда сол елдің ғалымдарымен бірлесіп, ортақ келісімге келіп, әскери техника шығаратын өндіріс орындарын ашуымыз керек.

еді. Сондай-ақ, көмелеттік жасқа енді толған жастарға да тұрғылықты жері бойынша әскери міндетін өтеу жүйесі психологиялық тұрғыдан жеңіл болатыны белгілі.

Әскери әлімжеттік азаяды

Сонымен қатар, тұрғылықты жері бойынша әскери міндетін өтеу сарбаздар арасындағы әлімжеттік жасау оқиғасының азаюына да септігін тигізуге әбден мүмкін. Өйткені, әлімжеттік жағдайы көбіне-көп түнде, сарбаз командирлерінің бақылауынсыз қалғанда орын алады. Оған қоса, қанша айтқанымен, бір жердің балалары өзара тату-тәтті бола алады емес пе?

Себебі, кей жағдайда сарбаздар арасындағы ұрыс-керіс жер-жерге бөліну салдарынан да болып жатады. Кейде сарбаздарымыз мүлдем басқа ортаға үйреніспей, әскерден де қашып кетеді. Егер әскерилер өз тұрғылықты мекенжайы бойынша әскери міндетін өтесе, әскерден қашу оқиғасының болмауына оң әсерін тигізетін шығар. Сондықтан өркениетті елдердің тиімді әдісін біз де пайдаланып, сарбаздардың тұрғылықты жері бойынша әскери міндетін өтеуіне жағдай жасауымыз керек-ақ.

ОҚШАУ ОЙ

ӘСКЕРИ ШЕНДЕРДІ

қазақыландыру керек

Әр мемлекеттің өзінің әскери күштері бар. Онда әскери жоғары оқу орындары да, тіпті жауынгерлердің батырлығы үшін берілетін жоғары наградалар, орден-медалдар да сол елдің ұлттық батырларының есімімен аталады. Бұл ретте басқа мемлекетті айтпай-ақ қояйық, мына тұрған көрші Ресейдің өзінде Кутузов атындағы марапаттар, Суворов атындағы әскери академия, Жуков атындағы жоғары оқу орындары бар. Тіпті, Суворов, Нахимов, Невский атындағы наградалар да бар екені белгілі. Ал Бауыржан Момышұлы ордені неге жоқ? Қасым Қайсенов атындағы медаль, Қабанбай, Бөгенбай секілді батырларымыздың атындағы ордендерді неге тағайындамасқа?

Қазақта елі үшін, жері үшін қанын төккен, жанын пидә еткен батырларымыз өте көп. Тіпті, мына Ұлы Отан соғысы кезінде де қанша ағаларымыз үлкен ерлік жасады. Алайда, олардың басым көпшілігінің ерлігі бағаланған жоқ. Мәселен, мергендердің мектебін қалыптастырған Феодосий Смолячков 125 немістің көзін жойса, Василий Зайцев 250-ге жуық немісті өлтірген, ал біздің Төлеуғали Әбдіков деген мерген атамыз 398 немісті жер жастандырған. Екеуінің де өлтірген фашистерін қосқанның өзінде біздің батырға жеткізе алмай отыр. Бірақ оған неге батыр атағы берілген жоқ? Өйткені, 1937 жылы оның әкесінің інісі «халық жауы» болып тұтқындалған. Біз өзгені емес, өз батырларымыздың даңқымен рухтануымыз керек. Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Махамбет, Исатай, Жалаңтос батырларымыздың атынан неге осындай наградалар тағайындамасқа? Керек десеңіз, бұл батырлардың атындағы медальдарды тек генералдарға ғана беретіндей, өзінің статусын белгілеуіміз керек. Әскери академияға ғана емес, әскери бөлімше, полктерге де батырларымыздың есімін беруге тиіспіз. Өйткені, батыр бекерден-бекер шықпайды. Ұрпақ сабақтастығы бір-біріне еліктеп, бір-бірінен үлгі алып, алдыңғы буын аға батырларға еліктеп барып батыр болады. Жастар батырларға еліктейді, «солардай болсақ қой!» деп армандап, рухтанып жүреді. Сондықтан Тәуелсіз елдің төл перзенттері де батыр балаларымыздың рухымен сусындауы тиіс. Ал рухсыз ел ешқашан батырлық жасай алмайды.

Сонымен қатар, «Товарищ полковник», «лейтенант», «сержант» дегенді қою керек. Оның барлығы – кеңес үкіметінің сарқыншағы. Мәселен, қазақта, бұрынғы түркілерде «взвод», «батальон» дегендер болмаған, есесіне, қазақтың әскери-әкімшілік шендері – «онбасы», «жүзбасы», «мынбасы», «қолбасшы», «әскербасы» деп аталған. Тіпті, Кеңесары кезіндегі мемлекеттік әскери атаулар қатарына «мергенбасы» деген атау да енгізілген. «Мергенбасы» деп құралайды көзге атқан ерекше отряд басшысын айтқан.

Қазақтың қайсар батырлары қандай да бір атақ, даңқ үшін соғысқан жоқ. Олар өз ерліктерін ұлттың тағдырына қатысты шайқастарда көрсете білген. Қабанбайдан бастап, кешегі Бауыржанға дейінгі батырлардың ешқайсысы көзі тірісінде лайықты құрметке ие бола алмады. Ең болмағанда, Тәуелсіздік алған ұрпақтары олардың есімдерін ұлықтаса жақсы-ақ болар еді... Қорғаныс министрлігіндегі нақ осы мәселемен айналысатын департаменттер бұл төңіректе жұмыс жасаса, бұл сарбаздардың рухын көтеріп, ерлікке, отансүйгіштікке баулуға үлкен сеп болатыны сөзсіз.

Бетгі әзірлеген Серік ЖҰМАБАЕВ.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КЕНЕДЕН ДЕ ҚАУІП БАР

Алматыда медициналық мекемелерге кене шаққан 356 тұрғын жүгінген. Оның ішінде балалар саны – 187 (52,5%). Жалпы, кенелер күн жылынғанда бас көтереді.



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте Алматы қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қасымхан Алпысбайұлы айтты.

Спикердің сөзіне сүйенсек, кене энцефалитінен қорғанудың ең тиімді әдісі – кене энцефалитіне қарсы вакцина алу.

«Екпені тұрғылықты жері (немесе тіркелген) бойынша қалалық емханаларда дәрігермен кеңесіп, тегін алуға болады. Вакциналау курсы 1–7 ай аралығында жүргізіліп, екі рет егіледі. Бірінші және екінші егу арасындағы ең ықпалды аралық – 5–7 ай (күз-қыс айлары)», – деді спикер.

Ревакциналау жылына бір рет вакциналау курсы аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Кейінгі ревакциналау қашықтан үш жылда бір рет жүргізіледі. Нұсқауларға сәйкес, кене энцефалитіне қарсы вакцина

3 жастан асқан балаларға және ересектерге ұсынылады.

Ал өз кезегінде сөз алған ҚР ДСМ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» Алматы филиалының директоры Берік Баймурзинов алматылықтарға өз еркімен учаскелерді кенеден тазарту жұмысын жасауға болмайтындығын айтты. Сондай-ақ, шаһарда саябақ аймақтары мен орман алқаптарын кенеге қарсы өңдеу жұмыстары басталды. Орталық басшысы хабарлағандай, тазарту жұмыстары екі кезеңде «фаворит ВКЕ» қауіпсіз инсекто-акарицидтік препаратын қолдана отырып жүргізіледі.

«Препарат қауіпсіз болса да, барлық нұсқаулықты сақтау керек. Кенеге қарсы тазалау жұмыстарын мамандар барлық дезинфекция іс-шараларын сақтай отырып және тек рұқсат етілген, сертифицирталған препараттармен жүргізеді. Сенімді және сертифицирланған мамандарды шақыруға кеңес береміз», – деді Б.Баймурзинов.

Қызылорда облысындағы «ТОРҒАЙ–ПЕТРОЛЕУМ» АҚ ұжымы Компанияның Мұнай және газ өндіру цехының басшысы Асқарбеков Талғат Сұлтанбайұлына ардақты анасы **Күлсімхан Әлханқызы АСҚАРБЕКОВАНЫҢ** қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі ардагерлер қозғалысының белсендісі, еңбек тыл ардагері **Дүйсен Салықұлы САЛЫҚОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛҒЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртек рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almaty.aqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ұйым және кәсіпорын басшыларына

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі №485 бұйрығымен бекітілген «Қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидасының» 4 және 5-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №353 бұйрығымен бекітілген қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларында (бұдан әрі – Ереже) айқындалған тәртіппен пайдалануға берілген және сәйкестендіруден өткен қауіпті өндірістік объектілер есепке қоюға жататынын хабарлаймыз.

Қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою үшін қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымның басшысы сәйкестендіру нәтижелері бойынша 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру жөніндегі ақпаратты қоса бере отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне Сәйкестендіру қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 20-тармақшасына сәйкес, ұйым иелері қауіпті өндірістік объектілерді есепке қоюды, есептен шығаруды жүзеге асыруға міндетті екенін еске саламыз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Сізге Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің аумақтық департаменттерінде қауіпті өндірістік объектілерді есепке қоюды жүргізу қажет.

Туындаған сұрақтар бойынша Департаменттің мекенжайына 376-50-74 телефоны бойынша немесе электрондық мекенжайы ggtn_almaty@mail.ru бойынша хабарласуыңызды сұраймыз.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

ЖАРЫҚ ПЕН ЖЫЛУ Тариф бағасы өзгереді

Шілдеден бастап Қазақстанда жылу мен электр энергиясының бағасы 10%-ға қымбаттайды. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, бұған елдегі жылу желілерінің тозуы әсер етіп отыр. Әсіресе, кәріз құбырларының жағдайы нашар. Ведомство өкілінің сөзінше, мәселені шешу үшін тарифтерді көтеруден басқа амал жоқ.

– Биыл электр энергиясының тарифін шілде айынан бастап көтеру жоспарланып отыр. Жылудың жаңа тарифі жаңа жылу беру маусымынан басталады. Жұмыстар басталып кетті. Тариф мөлшері әр өңірде әртүрлі болады, жылу жүйесінің тозу деңгейіне байланысты. Кейбір өңірлерде 10%-дан басталып, 30%-ға дейін көтерілуі мүмкін, – деді ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

**Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін**



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-04-28.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
almaty.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

МАМЫР – ОН ЕКІ АЙДЫҢ ЕҢ СҰЛУЫ

Шаруаның асыға күткен сүйікті айы



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

«...Сағынбай барсаң
теңіз де сенің
тебіренбес жастық шағыңдай,
Бұлбұлдың даусын
ести алмайсың,
Бауларға барсаң сағынбай...», –
деп ақберен ақын Төлеген
Айбергенов жырлағандай, бұл
кезде Алматы саябақтарынан
бұлбұл ғана емес, кез келген
құстың даусын естудің өзі
неғайбыл. Неге?

Қазір құс біткен жұмыртқа басып жатыр. Енді 3-4 күнде қызылшақа балапан шығарады. Бұл көріністі көзекен «Қызыл жұмыртқа» амалы деп атаған.

Мамыр – көктемнің соңғы айы. Бұл көне сөз тоқшылық, қондану, қызық, рахат деген ұғымды білдіреді екен. Тағы бір мағынасы – аққу мен қаздың қанаттанбаған балапанын да мамыр дейді. Қазақ төрт түліктің баласын төл деп атаса, барлық құстың балапанын мамыр деген.

Мамыр – он екі айдың ең сұлуы, табиғат гүлге бөленген, нұрға кенелген көктемнің тамаша кезі, шаруаның асыға күткен сүйікті айы.

Мамыр айы жаңбырлы болып басталды. Бірде селдетіп, бірде себелеп, есебін тауып күн құрғатпай тұр. Мамыр айының алғашқы онкүндігінде жұмыртқа шайқаған құстардың біразы қызылшақа балапан шығарады. Осы кезде ауа райында тосын өзгеріс орын



алады. Күн күркіреп, нөсер жаңбыр жауып немесе қатты жел соғып, дауыл тұрып, соның салдарынан 1-2 күнге созылған суық болады.

Осы кезде зауза қоңызы пайда болады. Ол – қаттықанаттылар отрядының тақта мұрттылар тұқымдасына жататын жәндік. Негізінен, Еуразия құрлығында кең тараған (36 түрі белгілі). Қазақстанда кездесетін 2 түрі бар: шығыс зауза қоңызы және батыс зауза қоңызы. Көнекөз, емші әжелер зауза (қоңыз) майын жинайды. Ол бірқатар ауруға ем болады екен. Әсіресе, рак ауруларына емдеуге пайдаланады.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Жазға салым соғатын желдің түрі:

- Алтын күрек – үйме қарды әкететін жел.
- Ескек жел – топырақты кептіріп жіберетін, көктемнің басында соғатын жылы жел.
- Өкпек жел – жазғытұрым солтүстік-шығыстан соғатын жайсыз жел.
- Самал – жазғытұрым оңтүстік-шығыстан есетін жайлы жел.
- Қума жел – бірде басылып, бірде үйіріп соғады.

БАЙҚАУ



«ӘН ЕРКЕСІ – ЕСКЕНДІР»



Рая
ЕСКЕНДІР

Қазақ музыкасына өлшеусіз үлес қосқан белгілі композитор Ескендір Хасанғалиевтің есімі қашанда халқының жүрегінде. Бүгінде арамыздан кеткен композитордың бай мұрасы халқымыздың інжу-маржанына айналды. Ән еркесінің есімін мәңгі есте қалдыру үшін 3-5 мамыр аралығында П.Чайковский атындағы Алматы музыка колледжінде Ескендір Хасанғалиев атындағы опера әншілерінің ашық Республикалық конкурсы басталды. Біз байқаудың барысы туралы әншінің ұлы Біржан Хасанғалиевке хабарласқан едік.

– Байқау «Хасанғалиев әлемі» мәдениетті қолдау қорының тікелей қолдауымен өткізіліп отыр. Өнер бәйгесіне еліміздің барлық өңіріндегі музыка колледждері, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері қатысады. Біздің басты мақсатымыз – вокалдық өнер саласындағы жаңа таланттарды анықтап, қатысушылардың орындаушылық шеберлігін арттыру, конкурста қатысушы жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағыт-бағдар көрсету, – дейді Біржан Ескендірұлы.

Аталмыш байқауға елімізге белгілі опера өнерінің көрнекті өкілдері, белгілі музыканттар, профессорлар қазылық етеді. Байқаудың салтанатты ашылуы Е.Серкебаев атындағы үлкен концерт залында өтті.

ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ

АЛМАТЫ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ – ҮЗДІК ҰЖЫМ

Алматыда қуыршақ театрларының VI Халықаралық «Ортеке» фестивалі өз мәресіне жетті



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Байқауға Грузия, Түркия, Корея, Өзбекстан және Қырғызстанның қуыршақ театрлары қатысып, көрермен назарына балалар мен ересектерге арналған үздік қойылымдарын ұсынды. Аталмыш байқау Республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театрында, Мемлекеттік қуыршақ театрында және Тотальный театр сахналарында өтті.

«Ертегілер әлеміне жетелеген қуыршақтар фестивалі жақсы өтті. Спектакльдер көп болмаса да түрі, формасы, мазмұны жағынан әртүрлі болып келді. Тек балалар емес, ересек адамдар да фило-софияға, ой-толғамдарға жетелейтін қойылымдарды тамашаладық. Дәстүрлі, фольклорлық, жармеңкелік спектакльдер болды. Спектакльдердің көркемдік деңгейі жоғары. Кәсіби тұрғыдан өз пікірімізді де айтып отырдық. Қарап отырсақ, қай театр болмасын, барлығы да бір үйдің баласындай тату-тәтті бейбіт ғұмыр кешіп жатқаны қуантады. Қазіргі уақытта 7 мемлекеттік қуыршақ театры бар. Еліміздің драма театрлары қуыршақ өнеріне қызы-



Суретті мүсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ғушылық танытып, қуыршақ театрларын ашып жатыр. Әр өңірде қуыршақ өнері өркендеп, дамып келе жатқаны біз үшін үлкен қуаныш», – деді қазылар алқасының төрағасы Анар Еркебай.

Фестивальдің қазылар алқасының қатарында Қазақстан, Корея, Грузия және Түркияның театр қайраткерлері болды. Олар актерларға әділ бағаларын берді.

Қуыршақ фестивалінің биылғы жеңімпаздарына келсек, «Ортеке» VI Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінің «Ең үздік қойылым» номинациясы бойынша Иакоб Гогешавили атындағы Кутаиси мемлекеттік кәсіби қуыршақ театрының «Гадкий утенок» спектаклі жеңімпаз атанды. «Ең үздік актерлік шеберлік» аталымы

бойынша Е.Локшинаның «Мен бір жұмбақ адаммын. Абай» қойылымы үшін Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театры үздік деп танылды. «FFWANG» театрының актері Кван Со Ёнг «Ең үздік қуыршақ жүргізушісі» атанды. Ал «Ең үздік сценарий» марапатына Тотальный театр ұжымының «Дюймовочка» туындысы ие болды. «Ең үздік қуыршақ суретшісі» «Ақ кеме» (Ш. Айтматов) қойылымы үшін «Алақай» Ақтөбе облыстық қуыршақ театрының суретшісі Әсия Құрманалинаға бұйырды. «Ортеке» фестивалі ұйымдастыру комитетінің арнайы жұлдісімен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (Ғ.Мүсірепов) қойылымы үшін Маңғыстау облыстық қуыршақ театры марапатталды.